

ҰЖЫМДЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЛИМАТТЫҚ ДАҒДАРЫСТЫ ШЕШЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев климаттың өзгеруіне қатысты БҰҰ-ның Дубайдағы конференциясы аясында өтіп жатқан Климат жөніндегі дүниежүзілік саммитте сөз сөйледі.

Қазақстан Президенті бүгінде жер шарындағы халықтың тең жартысы климаттың өзгеруі жоғары дәрежеде әсер ететін өңірлерде өмір сүріп жатқанын атап өтті.

— Шағын аралдардағы мемлекеттерге, теңізге шығатын жолы жоқ дамушы және дамуы кенжелеп қалған елдерге зор қауіп төніп тұр. Қазіргі геосаяси тұрақсыздық және энергетикалық қауіпсіздіктің болмауы климат мәселесіне назар аударуды қиындатып отыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаны сақтауға бағытталған нақты шаралар қабылдау жөніндегі БҰҰ-ның үндеуін қолдайтынын, сондай-ақ Париж келісімін ратификациялаған аймақтағы бірінші ел екенін және 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын қабылдағанын атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстанның жана Экология кодексі ұлттық экономикамыздың әрбір секторында «жасыл» технологияларды кенінен қолдануға ықпал етеді.

— Елімізде жел мен күн энергиясын пайдалану, сондай-ақ «жасыл» сутегін өндіру үшін зор әлеует бар. Біз осы мүмкіндікті пайдалану мақсатында серіктестерімізбен арадағы тығыз ынтымақтастықты жалғастырамыз. Қазақстан — уран экспорттайтын әлемдегі жетекші мемлекет. Бұл ретте еліміз дүниежүзі бойынша уранның 43 пайыз тасымалын қамтамасыз етеді. Біз жаһандық деңгейде электр энергиясын көміртегі қалдықтарының өндірісінде шешуші рөл атқарамыз, — деді Президент.



Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, алдағы онжылдықта аса маңызды минералдар, соның ішінде сирек кездесетін минералдар, шын мәнінде, әлемді декарбонизациялау деңгейі бойынша баға жетпес ресурсқа айналады. Осыған байланысты Мемлекет басшысы өтпелі кезеңде Қазақстан аталған минералдардың негізгі жеткізушісі болуға дайын екенін мәлімдеді. Сондай-ақ еліміз жекелеген «жасыл» бастамаларды белсенді түрде қолдайтынын атап өтіп, пластикалық қалдықтардан құтылу жөніндегі жобаларды жүзеге асыра-

тын Қазақстанның қаптаушылар қауымдастығын мысалға келтірді. Бұл кәсіпорын осылайша экологияны қорғауға өз үлесін қосып отыр.

Президент метан қалдықтарын азайту жаһандық жылыну қарқынын бәсеңдететін ең жылдам тәсіл екенін еске салды. Осыған орай Қасым-Жомарт Тоқаев Метан қалдықтарын азайту жөніндегі жаһандық міндеттемеге қосылуға қатысты еліміздің шешімі туралы айтты.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстанның аймақтағы көмір проблемасын

Әділетті энергетикалық жүйеге көшу жөніндегі серіктестік бағдарламасын (JETP) іске асыру арқылы шешуге ұмтылыс жасап отырғанын атап өтіп, елімізге қолдау көрсетуге шақырды.

— Кенірек айтқанда, халықаралық қоғамдастық климат бағытындағы бағдарламаларға бөлінетін қаржы көлемін ұлғайтуға қатысты өз міндеттемелерін күшейтеді деп үміттенеміз. Бірақ қаржыландыру — тек кедергілердің басы ғана. 2050 жылға қарай жаһандық температураның 1,5 градусқа дейін көтерілуін шектей алғанымызбен,

Орталық Азия елдері бәрібір температураның 2,5 градусқа дейін жоғарылау мәселесімен бетпе-бет келеді. Бұл су тапшылығына, қатты ыстыққа, шөлге және экстремальды гидрологиялық құбылыстарға әкел соқтырады, — деді Мемлекет басшысы.

Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев әлемдік қоғамдастықты Халықаралық Арал теңізін құтқару қорын қолдауға көбірек қаржы бөлуге шақырды.

— Қазақстан келесі жылы Қорға төрағалық етеді және осы мәселені шешу үшін барлық серіктесті жұмылдыруға үміттенеді. Бұдан бөлек, БҰҰ Бас Ассамблеясының келесі сессиясы шенберінде «Біртұтас су» атты бірінші тақырыптық саммит өтеді. Біз Франциямен бірге аталған жиынға тең төраға болатынымызға қуаныштымыз. Биылғы COP28 саммитінің табысты өткенін ескере отырып, барлық қатысушы мемлекетті 2024 жылдың маусым айында ұйымдастырылатын Астана халықаралық форумына қатысуға шақырамын. Форум климатқа қатысты осы өткір мәселелер бойынша мақсатты ынтымақтастықты COP29-ға дейін жалғастыру үшін диалог алаңы бола алады. Орталық Азиядағы климатқа қатысты іс-қимылдарға тың серпін беру мақсатында біз БҰҰ аясында 2026 жылы Қазақстанда Өңірлік климаттық саммит өткізуге шешім қабылдадық, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, климат жөніндегі төтенше жағдай жаһандық дағдарыс екенін, оның әлемдік деңгейдегі жауапкершілікті талап ететінін айтты. Президенттің пікірінше, ұжымдық-әрекетпен ынтымақтастықтың арқасында ғана климаттық дағдарыс проблемасын шешуге болады.

Сонымен қатар саммитте 40-тан астам мемлекеттің басшылары, халықаралық және аймақтық ұйымдардың жетекшілері сөз сөйледі.

«ЖАН ШУАҚ» СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ



Елордада «AMANAT» партиясының қолдауымен Қазақстан мүгедектер конфедерациясы ұйымдастырған XVI «Жан шуақ» қоғамдық сыйлығының лауреаттарын марапаттау рәсімі өтті.

Бейбітшілік және келісім сарайына мыңнан астам мейман мен қатысушы жиналды. Іс-шара басталар алдында бейнелеу және қолданбалы өнер көрмесі өтіп, онда ерекше қажеттілігі бар суретшілер әзірлеген өнер туындылары ұсынылды. Сөз басында Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Кошанов Президент ерекше қажеттілігі бар адамдарды қолдау мәселесіне айрықша назар аударатынын атап өтті.

3»

СУБСИДИЯ: ҚҰНЫҚҚАННАН ҚҰЛДЫРАҒАН ЖАМАН

Елімізде шаруаларға субсидия беру жүйесінің басынан шу арылмай-ақ қойды. Соңғы екі жылда ол тіптен үдеп барады. Мұндағы тоқырау пандемиядан кейінгі антикордың кең көлемдегі тексерісінен басталды деуге болады. Сол тығырыққа тірелгеннен бері бұл тетікті жөнге келтіре алмаған Ауыл шаруашылығы министрлігі әлі күнге етек-жеңін жинай алмай отыр. Осыған дейін сан рет өзгерген субсидия беру ережесі келер жылы тағы да түзетілмек екен.

«ҚАЗАННАН ҚАҚПАҚ, ИТТЕН ҰЯТ» КЕТКЕН

2021 жыл Ауыл шаруашылығы министрлігі үшін абырой айрандай төгілген жыл болды. Субсидия саласындағы мыңдаған



былықтың беті ашылды. Еліміздің ауыл шаруашылығы саласында қозғалған қылмыстық істердің 54 пайызы субсидияларды заңсыз бөлуден байланысты екені анықталды. Мәселен, 2016 жылдан бергі соңғы 5 жыл ішінде елімізде

ауыл шаруашылығын субсидиялауға 2 трлн теңге бөлінген. Әрі осы жылдар ішінде шенеуніктердің үстінен сыбайлас жемқорлыққа қатысты бірнеше қылмыстық іс қозғалған.

6»

ӨРТЕНГЕН ХОСТЕЛ: САЛҒЫРТТЫҚ САЛДАРЫ



4
БЕТ

ОТАНДЫҚ РАДИОЛОГИЯНЫҢ ОЗЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ



11
БЕТ

ҚАС ЕМЕС, ДОС ІЗДЕЙТІН ЗАМАН

Өкінішке қарай, төңіректе Қазақстанның аумақтық тұтастығына көз алартып, іштарлық қылатындар өлі де бар. Осы аптада Ресей Думасының депутаты, саясаткерсымақ Евгений Федоров деген біреу Қазақстанда сепаратизм үшін бірнеше адамның сотталғанына күйіп-пісіп, еліміздің аумақтық тұтастығына күмән келтірді. Тіпті, Қазақстан жерін «заңсыз бөлінген аймақ» деп соқты.

Әрине, мұндай жойдасыз пікірлерді жеке адамның пікіріне немесе белгілі бір күштердің екі ел арасына сына қағу әрекетіне жатқызуға болады. Алайда осындай бассыздыққа уақытында лайықты тосқауыл қойылуға тиіс.

(Жалғасы 2-бетте)

Қазақ дәстүрі қайсысы?

Соңғы жылдары халықтың салт-дәстүрлері түрленіп, рухани ұстанымдарымыз өзгеріп жатқанын жоққа шығармаймыз. Атадан қалған дәстүр қоржыны бұрын біз естімеген өдет-ғұрыптармен толығып жатыр. Ескілікті сақтай отырып, жаңа үлгімен жастар арасында сөнге айналған әдеттер салт-дәстүрге жата ма?

Ықпалы заманнан қазақ халқы қыз тәрбиесіне ерекше мән берген. Қыз баланың өмірінде жасалатын жөн-жоралғы да көп.



10»



ШВЕЙЦАРИЯ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Швейцария Конфедерациясының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Салман Балмен кездесті. Сұхбат барысында тараптар екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелерін талқылады.



Сенат Спикері Елші Салман Балды Қазақстандағы қызметінің басталуымен құттықтап, Швейцария конфедерациясы еліміздің Еуропадағы маңызды саяси және экономикалық серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Осыған орай ол халықаралық ұйымдар аясында екі елдің парламентаралық байланысын жандандырудың маңыздылығына назар аударды.

«Қазақстан Парламенті Швейцариямен парламентаралық ынтымақтастықты дамытуға мүдделі. Мұндай байланыс екіжақты қарым-қатынастың маңызды бөлігі екені анық. Біздің Парламенттің екі палатасында да Швейцария Парламентімен достық топтары

жұмыс істейді. Олардың әлеуетін белсенді пайдалануымыз керек. Осы орайда Парламент делегацияларының өзара сапарларын ұйымдастыруға, сондай-ақ Еуропадағы Кауісіздік және ынтымақтастық ұйымының Парламенттік Ассамблеясы, Парламентаралық одақ сияқты халықаралық ұйымдар шеңберінде Швейцария депутаттарымен ынтымақтастықты дамытуға мол мүмкіндік бар», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында палата Төрағасы Қазақстан мен Швейцария арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл тоғанын, осы уақыт ішінде екіжақты ынтымақтастық ныға-

йып, түрлі салаларда бірлескен жобалар мен бағдарламалар табысты іске асырылғанын атап өтті. Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде іске асырылып жатқан ауқымды саяси жаңғырту бағдарламасының нәтижелеріне назар аударды.

Сенат Төрағасы рухани дипломатияны дамыту мәселесіне де баса мән берді. Осы орайда ол Швейцарияға Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезіне белсенді қолдау көрсетіп, форум мақсаттарына қол жеткізуге елеулі үлесі қосқаны үшін ризашылығын білдірді.

ЖАЛПЫ ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ НАҚТЫЛАНДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына Сингапурмен және Катар мемлекетімен инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы екі келісімді ратификациялау туралы заң жобалары ұсынылады. Бұл келісімдер елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға, ел аумақтарында инвестициялық қызметті жүзеге асыруға байланысты мәселелерді реттеудің

тәртібі мен шарттарын айқындайды. Сонымен қатар алдағы жалпы отырыста 1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы қаттаманы ратификациялау туралы заң жобасы қаралады.

Бұдан бөлек, депутаттар «Халықаралық су ағындарын кеме жүрмейтін пайдалану түрлерінің құқығы туралы конвенцияны ратификациялау туралы» заң жобасын қарайды. Аталған конвенция әлем бойынша трансшекаралық

өзендер мен көлдерді және онымен байланысты жерасты суларын әділ және тұрақты басқаруға жәрдемдесудің жаһандық құқықтық механизмі болып саналатын негіздемелік құжат болады.

Жалпы отырыста Мәжіліс комитеттері ғылым және технологиялық саясат туралы және дипломатиялық қызмет мәселелері туралы жаңа заң жобаларын жұмысқа алады. Депутаттар бастамашылық еткен ғылым және технологиялық саясат туралы заң жобасы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасын орындау мақсатында әзірленді.

«ЖАН ШУАҚ» СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ



Елордада «AMANAT» партиясының қолдауымен Қазақстан мүгедектер конфедерациясы ұйымдастырған XVI «Жан шуақ» қоғамдық сыйлығының лауреаттарын марапаттау рәсімі өтті.

Бейбітшілік және келісім сарайына мыңнан астам мейманмен қатысушы жиналды. Іс-шара басталар алдында бейнелеу және қолданбалы өнер көрмесі өтіп, онда ерекше қажеттілігі бар суретшілер әзірлеген өнер туындылары ұсынылды. Сөз басында Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Президент ерекше қажеттілігі бар адамдарды қолдау мәселесіне айрықша назар аударатынын атап өтті.

«Біз қазір инклюзивті мемлекет, инклюзивті экономика, инклюзивті қоғам туралы жиі айтамыз. Кең мағынасында «инклюзив» ұғымы әділдік пен бірлік, тәртіп пен заң үстемдігі және тең мүмкіндіктер дегенді білдіреді. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қолға алған реформалардың негізгі басымдықтары», — деді Ерлан Қошанов.

Сондай-ақ Мәжіліс Төрағасы Президент тапсырмасы бойынша елімізде халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі Омбудсмен институты жұмыс істеп жатқанын ерекше атап өтті. «Инклюзивті Парламент» депутаттық тобы қызметке кірісті. Оның құрамында 19 депутат бар. Өкірлік мәслихаттарда ерекше қажеттілігі бар 71 депутат өз міндетін атқаруда. Олар әлеуметтік кедергілерді жою және ерекше қажеттілігі бар адамдарға қолжетімді орта құру мәселесімен тұрақты түрде айналысып келеді. Қазақстан мүгедектер конфедерациясының президенті

Жанат Омарбекованың айтуынша, биыл «Жан шуақ» сыйлығына еліміздің барлық өңірінен 200-ден астам өтінім келіп түскен. Жалпы, осы уақыт аралығында барлығы 80-ге жуық адам марапатқа бөленді.

«Өзіндік ерекшелігіне қарамастан, әр адам тең мүмкіндік пен құқыққа ие болуы керек. Бұл сыйлық аталған қағиданы өмір шындығына айналдырған, қиындыққа мойымай, табандылық танытқан және бәрімізге шалқар шабыт сыйлаған жандарды дарадайды. Біз ерекше қажеттілігі бар адамдардың дамуына, өз қабілет-қарымын танытуына және жаңа мүмкіндіктерге жол ашуына көмектесеміз», — деді ол.



«Спорт саласындағы үздік жетістіктері үшін» сыйлығын қолдаудағы биімен Азия және әлем чемпионы атанған шымкенттік Ермек Қалымбетов иеленді.

«Кәсіпкерлік қызметті дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясы бойынша мүгедектер арбасын тегін жөндейтін «Invalokaski.kz» шеберханасын ашқан алматылық Дәурен Алканов марапатталды.

Астаналық Валентина Толмачева «Мүгедектігі бар адам-

дарға қатысты қоғамдық сананың оң өзгеруіне қосқан үлесі үшін» марапатына ие болды. Ол ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған түрлі іс-шаралар мен конкурстар ұйымдастырады.

«Мүгедектігі бар адамдардың ғылым мен білім беру қызметін дамытуға қосқан үлесі және оқуға талпынысы үшін» номинациясы бойынша Түркістан облысының азаматы Мейірхан Топанбай сыйлыққа лайық деп танылды. Ол — 10 тілді меңгеріп, 68 мың кітап оқыған адам.

Теміртаулық Арман Қарынсау «Мәдениет саласындағы үздік жетістіктері үшін» номинациясы бойынша сыйлық иеленді. Ол бүгінде «Қанаттылар» инклюзивті театрының әртісі.

Елорда тұрғыны Ильнар Айтняков «Күш-жігері және жеңіске талпынысы үшін» номинациясының иегері атанды. Ол компьютер жөндеу шеберханасын ашып, қайырымдылықпен айналысып келеді.

«Өнер саласындағы аса үздік жетістіктері үшін» марапатына Тараздаң келген Анар Бексұлтанова лайық деп танылды. Ол тігін шеберханасын ашып, мүгедек әйелдерді оқытып, жұмысқа орналастырып жатыр.

Ал «Инклюзивті Парламент» депутаттық тобының арнайы номинациясында астаналық Серік Жұзбай жеңіске жетті. Жаны жомарт азамат қайырымды-

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ КҮНІ БЕЛГІЛЕНБЕК

«AMANAT» партиясы 2 мамырды Қаржылық сауаттылық күні деп белгілеуді ұсынып отыр. Бұл туралы Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаевтың төрағалығымен өткен «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асыру жөніндегі кеңес барысында айтылды.



Өздерініз білетіндей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Қарызсыз қоғам» жобасының тиімділігін атап өтіп, оның игілігін бүкіл еліміз көруі үшін ауқымды кеңейтуді тапсырды.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахмановтың айтуынша, жобаның ауқымын кеңейту туралы арнайы меморандум әзірленді.

«Құжат аясында 9 мемлекеттік органдар, 12 банк, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы және Микроқаржы ұйымдарының қауымдастығы жобаны іске асыруға қосылды. Азаматтарға консультациялық көмек көрсету үшін барлық өңірде «Қарызсыз қоғам» жобалық кеңселері құрылды. Жергілікті атқарушы органдар оларды техникалық жабықтау үшін шаралар қабылдауы қажет», — деді ол.

Келесі жылы «Қарызсыз қоғам» қаржылық сауаттылық курстары еліміздің барлық өңірінде ұйымдастырылып, 200 мыңға жуық адамды оқыту жоспарлануда. Курста 90 күннен артық мерзімі өткен қаржы бар адамдарға басымдық беріледі.

Сонымен қатар қаржылық сауат курстары мектептер мен жоғары оқу орындарында да өтеді. Бұл жалпы 1 млн адамды қамтуға мүмкіндік береді. Ол үшін Ғылым және жоғары білім министрлігі арнайы оқу курсы әзірлеуде, оны 2024 жылдан бастап енгізу жоспарлануы отыр. Ал Оқу-ағарту министрлігі оқушылардың қаржылық сауатын арттыру үшін мектепте қолданыстағы «Жаһандық құзыреттілік» пәнін пайдалануды ұсынады. Осы мақсатта «Қарызсыз қоғам» партиялық жобасының мамандары «Ұлы Дала» қауымдастығымен бірлесіп, тәуелсіз сарапшылар мен

мұғалімдерді тарта отырып, «Жаһандық құзыреттілік» пәніне аудит жүргізген. Сонымен қатар ата-аналар мен мектеп оқушыларының арасында сауалнама өткізілді. Бұл туралы «AMANAT» партиясының Хатшысы Эльдар Жұмағазиев айтты.

«Жаһандық құзыреттілік» оқулығы күрделі жазылған, тіпті, кей жерлері түсініксіз. Білім алушылардың жас ерекшелігі мен қызығушылығы ескерілмеген. Сонымен қатар бұл — факультатив. Ал қаржылық сауат бойынша әлемдік рейтингте жоғары орында тұрған елдерде (Финляндия, Жапония) бұл пән міндетті болып табылады. Түрлі пәндер бойынша қаржылық сұрақтарға бөлінетін сағаттар саны да әр мектепте әртүрлі», — деді ол.

Сондай-ақ Эльдар Жұмағазиев 2 мамырды Қаржылық сауаттылық күні деп белгілеу туралы партияның бастамасын жеткізді. Биыл дәл осы күні «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша алғашқы оқыту курсы басталған болатын.

«Бұл күн азаматтардың қаржылық дағдыларын нығайтуға жылы ететін басты оқиға болмақ. Бастама білім беру іс-шараларын өткізу және қаржыны дұрыс басқару туралы ақпарат тарату арқылы қаржылық тұрақтылықты арттыруға және жеке қаражатқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға ықпал етеді», — деді ол.

Кеңес жиынын қорытындылай келе, Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев халық арасындағы түсіндіру жұмысының маңыздылығын атап өтті.

«Жобаның пайдалы әрі маңызды екенін барлығы түсініп отыр. Бұл Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы. Оны сапалы жүзеге асыру — орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың ортақ міндеті. Бұған қатысты

Үкімет партияға жан-жақты көмек көрсетеді», — деді ол.

Еске сала кетейік, биыл сәуір айында «AMANAT» партиясы мен Halyk Bank бірлесіп «Қарызсыз қоғам» жобасының басталғанын жариялап, тиісті меморандумға қол қойған болатын. Басты мақсат — азаматтардың қаржылық сауатын арттыру. 50 мыңнан астам адам оқуын аяқтап үлгерді. «Қарызсыз қоғам» жобасының қатысушылары қаржы кеңесшілерінің дәрістерінен бөлек, enbek.kz порталына тіркелу мен ЖК ашудан бастап, соттан тыс банкроттықты сүйемелдеу және берешекті өтеу кестесін жасауға дейінгі көптеген сұрақ бойынша кеңес ала алады. Сондай-ақ оқу процесіне қатысушыларға заңгерлердің де көмегі беріледі. Олар әр қарыз алушының сүйемелдеу және тарихын жеке зерттейді және қарыз жүктемесін жеңілдету бойынша кеңес береді.

Айта кету керек, қатысушылардың 63,1%-ы несие бойынша пайызды мен артық төлем мөлшерін білмеген. Оқу курсынан өткендердің 38%-ы 70 мың теңге көлемінде ғана табысы бола тұрып, банктерден және МҚҰ-дан 2-ден 4-ке дейін несие алған. Оқуға қатысқандардың 13,8%-ының 10-нан астам несиеі бар.

Келер жылы «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында 60 мыңға жуық адам оқудан өте алады. Құрса жазылу үшін тұрғылықты жері бойынша «AMANAT» партиясының аудандық филиалына хабарласу қажет. Жобаға қатысушылар күндізгі форматта сауатын арттырып, бір топта 50 адамға дейін оқытылады. Дәрістің ұзақтығы — 5 жұмыс күні. Қазіргі уақытта қаржылық сауат курсынан Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарының тұрғындары өте алады.

Жаңа жылда еңбекті қорғау саласында маңызды жаңалық болғалы тұр. Сарапшылар соның арқасында ауыр ері зиянды жұмыс істейтін адамдар бейнетінің зейнетін ерте көре алатынын айтады. Сонымен бірге бұл зейнеткерлікке шығудан да тиімді, тартымды болатын түрі бар: жауапты шенеуніктердің мәліметінше, төлем көлемі 400 мың теңгеге дейін жетуі мүмкін.



ЗИЯНДЫ ЖҰМЫСТАҒЫЛАРҒА — ЖАҢА ЖӘРДЕМАҚЫ

Айхан ШӘРІП

Өнгіме «Арнайы әлеуметтік төлем» (АӘТ) туралы болып отыр. Басын бәйгеге тіге жүріп, адам түгіл, темір тәзбес киын жұмыстарды атқаратын жұмысшылар көп жылдан бері Үкіметтен зейнеткерлікке ерте шығуға мүмкіндік беруді сұрап келді. Бәрі болмағанымен, біразының сол арманы орындалатынына ұқсайды.

Бұл ретте Еңбектің екі жақсы жаңалық жеткізді. Арнайы әлеуметтік төлемнің сомасы жыл сайын артады. АӘТ ала алатын жұмыскерлердің саны да жыл сайын өсетін болады.

Ел Президенті 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау деңгейін арттыруды тапсырған болатын. Осы мақсатта Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әлеуметтік әріптестерін — кәсіподақтарды тартып, зиянды жағдайларды түзетулердің топтамасын әзірледі.

Түзетулер қолданыстағы Азаматтық, Еңбек, Әлеуметтік кодекстерге және «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» заңға енгізіледі. Жаңа заң жобаларын Мәжіліс екінші оқылымда қабылдады. Енді Сенат мақұлдап, Мемлекет басшысы қолын қойса, құжаттар 2024 жылы күшіне енеді.

Арнайы әлеуметтік төлемді алу үшін жұмысшы келесі критерийлерге сәйкес келуі тиіс. Біріншіден, зиянды жұмыс орынында кем дегенде жеті жыл еңбек етуі керек. Екіншіден, жасы 55-ке толуы шарт.

Үшіншіден, жұмыс берушісі өз есебінен оған 7 жыл бойы БЖЗК-ға кәсіптік зейнетақы жарналарын аударып тұруы қажет. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларына сәйкес, жұмыс берушілер міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) «еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын, кәсіптері тізбеде көзделген жұмыскерлер» үшін ғана аударалады.

ТӨЛЕМ КӨЛЕМІ ҚАНША?

Жаңа төлем зиянды еңбек жағдайларында ұзақ уақыт бойы жұмыс істеген адам зейнеткерлік жасқа толғанға дейін төленеді. Пенсияға шыққан соң тоқтатылады.

Арнайы әлеуметтік төлем төрт қаражат көзінен құралады: біріншіден, республикалық бюджеттен 2 ең төмен күнкөріс (ЕТК) деңгейі мөлшерінде арнайы кәсіптік жәрдемақы аударылады. 2024 жылы ЕТК шегі 43 407 теңгені құрайтын ескерсек, бұл сома 86 814 теңгеге тең болады.

Екіншіден, өмірді сақтандыру компанияларынан 1 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде немесе 43 407 теңге қаражат төленеді.

Үшіншіден, жұмыс берушілер төл қаражаты есебінен 1 ең төмен күнкөріс деңгейінде, яғни 43 407 теңге қосуға міндетті.



Төртіншіден, Үкімет қаулысымен бекітілген тәртіппен және тиісті көлемде Бірінғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗК) өзіне аударылып келген міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қаржы бөледі. Мысалы, жұмысшының жалақысы АӘТ сомасы әртүрлі болып келеді және аталған шарттар негізінде жеке-жеке есептеледі.

«Жұмысшы АӘТ алуға өзі тілек білдірсе, онда төлемнің мөлшері орта есеппен 200 мың теңгедей болады. Әйткенмен, төлем сомасы әр жұмысшыға бөлек есептеледі. Көп нәрсе оның табысына байланысты болады. Мысалы, жұмысшының жалақысы жоғары болуы, жұмыс берушісі оған еңбек кепілдіктерін, үстемеақыларын ұсынуы мүмкін. Онда АӘТ сомасы жоғарылап, 400 мың теңгеге жетуі мүмкін. Сондай-ақ кәсіби еңбекке жарамдылық қабілетін жоғалтса, соның дәрежесіне қарай аталған төлем артады. Өйткені онда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры тарапынан төлемдер қосылады», — деп түсіндірді Мәжіліс депутатына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Ақмәди Сарбасов.

Арнайы төлемдерді алу үшін жұмысшыға жұмысынан кетуге тура келеді. Себебі заң жобасы оның ары қарай еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысуына тыйым салады. Сондықтан еңбеккер не өзге жұмыс табуы, немесе жұмыс берушісімен келісіп, кәсіпорындағы жеңіл жұмысқа ауысуы керек. Сонда жалақы мен төлемді қатар алады. Тіпті, жұмыс істеуді доғарып, зейнетке шыққанша демаламын, АӘТ-ке өмір сүремін десе де, өз еркі.

Министрлікті ұстанымынша, арнайы әлеуметтік төлемдерді енгізу мемлекеттің, жұмыс берушінің және жұмыскердің ортақ жауапкершілігін бекітеді және зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдардың әлеуметтік қорғау деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

ҚАНША АДАМ ҮМІТТЕНЕ АЛАДЫ?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрi Светлана Жақыпова мен оны командасы ел аралап, жаңа төлемді қалай алуға болатынын жұмыскерлерге түсіндіріп жүр.

Әрине, ауыр жұмысын тәрк етіп, оның орнына АӘТ алуға келіскендердің үлкен бөлігін қолына тиетін ақшасы 200 мың теңгедей, тіпті одан аздау болмақ. Өйткені БЖЗК бөлетін қаржы аз болатын түрі бар. Зиянды жұмыстан табатыны бұдан көбірек болатыны даусыз. Онда жұмысшыларды залалды жұмыстан кетуге қалай ынталандырады?

Министр Светлана Жақыпова арнайы әлеуметтік төлемнің мөлшері жыл сайын арта түсетініне әуде етті. Оның алдын ала есептемелері бойынша 2024 жылы АӘТ орташа мөлшері 208 мың теңгеден асады. БЖЗК-дағы жинақтары көптер ғана көбірек ала алады. Бұл ретте басқалар үшін арнайы әлеуметтік төлемнің мөлшері жыл сайын ең төмен күнкөріс мөлшерінің ұлғаюына байланысты өседі.

Алдағы жылы АӘТ алудан небары 37 мыңдай адам дәмелене алатын көрінеді. Еңбек министрлігінің мәліметінше, қазіргі кезде Қазақстанда зиянды, қауіпті жағдайларда еңбек ететін адамдардың саны 386,3 мыңнан асты. Кейінгі жылда олардың қатары 5%-ға артқан. Зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлердің ең көп саны өңдеу өнеркәсібінде (26,9%), тау-кен өндіру өнеркәсібінде (24,5%), көлік және қоймалау саласы (14,1%) кәсіпорындарында тіркелді.

Министр төлем алатындардың қатары да артатынын мәлімдеді.

«Әлеуметтік кодекске сәйкес, жұмыс берушілер «Еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлердің, өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің тізбесіне» енгізілген жұмыстармен айналысатын жұмыскерлері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударалады. Мұндай жұмыстардың 2 мыңнан астам түрі бар. Демек, арнайы әлеуметтік төлем экономиканың 19 саласында, оның ішінде тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінде және басқаларында жұмыс істейтін қазақстандықтарға тиесілі болады. БЖЗК дерегінше, арнайы әлеуметтік төлемді алуға 2024 жылы 37 мыңнан астам, 2025 жылы — 42 мыңнан аса, 2026 жылы — 47 мыңнан астам жұмыскер үміткер бола алады. Сөйтіп, төлем алушылардың ықтимал саны жыл сайын ұлғаяды», — деді Светлана Жақыпова.

БИЗНЕС НЕГЕ КҮЙІНДІ?

Айта кету керек, қара жұмысшыларының адал еңбегін аяусыз пайдаланып, қазақ жерінің астындағы қазынасын жанталаса көсіп-қазып жатқан ірі кәсіпорындар бұл жаңалықты еш құлықсыз, құптаусыз қарсы алды. Тіпті, «Атамекенді» алға салып, қарсыласып бақты.

Басты бір дәйектемесі — заң жобасы ұлттық палатаның талқылауына тым кеш түсті: «Атамекеннің» қатысуымен талқылау 2023 жылғы 20 қазанда басталыпты. Қарашаның ортасында құжатты төменгі палата мақұлдап тастады.

«Бұл бизнес тарапынан аландышылық туғызып отыр. Заң жобалары бизнестің қатысуынсыз әзірленген. Жаңа төлемді төлеуге кәсіпорындардың мүмкіндігі жете ме, оны да ескермеген. Ал жаңа төлем кәсіпкерлерге түсетін қаржылық жүктемені арттырады. Сондай-ақ ауыр, зиянды жұмысқа мамандандырылған бәрін жеңіл жұмысқа ауыстыруға да мүмкін емес. Мұны бәрі тарифке, персоналдың кетуіне әсер етеді», — деді «Атамекен» ҰҚП басқарушы директоры Айдаңа Тоғызбаева.

Оның айтуынша, энергетика кәсіпорындарында жұмысшылар тапшылығы 30%-ға жетті. Олардың басым бөлігін зиянды жағдайларда еңбек ететін өндірістік персонал құрайды. Өндірісте, цехтарда жұмыс істейтін мамандарды даярлау үшін 3 айдан 1 жылға дейін уақыт кететіні де алға тартылды.

Бұған не деуге болады? Мемлекетті, экономиканы, халықты сүлікше соғуға, соның есебінен шалқып өмір сүруге отыз жылдан астам уақыт бойы жаман үйренген олигархтарға енді жок жерден жыламсырап, босқа байбалам сала бермей, сабасына түсетін, жан мен тән азабын қатар шеккен жұмысшыларына қамқорлық танытатын, ел адында жауапкершілігін паш ететін уақыт жетті. Әділетті Қазақстанда еңбеккерлер жұмыс орынында зорығып, өлім құшпай, еңбегінің өнбегін, жемісін ертерек көре алғаны тыныштық пен тұрақтылық үшін де маңызды.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ — ӨНЕРКӘСІПТІ Өңір

Кеше Президент жанындағы Орталық коммуникация қызметі алаңында Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы брифинг өткізді. Есептік баяндамасы аяқталғаннан кейін Марат Сұлтанғазиев БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді. Сұрақ-жауап барысында Алматы облысының негізгі қордаланған проблемаларын шешу бағытындағы жоспарлар туралы айтылды. БАҚ өкілдері Балқаш көлі маңына салынбақ Атом электр стансасы және өңірдегі су, ауызды, аймақтағы өзекті болып отырған саяжай мәселелері туралы сұрады.



ТУРИЗМ — ТҰРАҚТЫ ДАМУ КӨЗІ

Алматы облысы ежелгі Сақ, Үйсін, Қанлы тайпаларының, Ұлы жүз қазақтарының ежелгі мекені болғандықтан, онда тарихи мәдени мұра ескерткіштері өте көп. Осы орайда ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген «Таңбалы» музей-қорығы және басқа да тарихи мәдени мұра ескерткіштерін қорғау, оларды туристік аумаққа айналдыру маңызды. Жақында «AMANAT» партиясы тарихи-мәдени орындарды қорғау бойынша акция бастаған болатын. Акцияға сәйкес ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген «Таңбалы» музей-қорығына және өңірдегі басқа да тарихи мәдени орындарды қорғау бойынша қандай іс-шаралар қабылданып жатқаны туралы сұраған едік.

— Өткенде «Таңбалы тас» музейіне барып қайттық. Бүгінде оның жартысы жабық. Жұмыстар жүргізілуде. Мұражайлар Мәдениет және ақпарат министрлігіне тиесілі. Сол себепті жұмысты министрлік жүргізіп жатыр. Әкімші де министрлік. Біздің тарапымыздан көмек — оны туристік нысанда пайдалану мүмкіндігіне ықпал ету. Бұған дейін айтылғандай, 370-тен астам шақырым жолды абаттандырып жатырмыз. Келген туристің зияны келмесін деген ниетте жұмыс істейміз», — деді әкім.

Алматы облысы әсем табиғаты, асқаралы таулары, мөлдір бастау-бұлақтары, көк майса, жасыл желектері, қолайлы климатымен ерекше. Облыс инвестиция тартуға, бизнес орта қалыптастыруға өте қолайлы аймақ саналады. Сонымен қатар Қазақстандағы маңызды туристік өлкелердің бірі. Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев брифинг барысында 2023 жылдың жарты жылдығында ішкі туристер саны 13%-ға өсіп, 1,1 млн адамға, ал шетелдік туристер 12 есеге өсіп, 74 мың келушіге жеткенін айтты. Әкімнің айтуынша, 2023-2026 жылдарға арналған туристік мастер-жоспар әзірленгенін айтты. Оның аясында туристер санын ұлғайтуға мүмкіндік беретін іс-шаралар атқару көзделген. «Республикалық туристік картаға енген әрбір оныңшы нысан біздің өңірде. Биыл 15 туристік аумақта 337 шақырым таулы соқпақтар мен маршруттарды абаттандыру жұмыстарын бастадық», — деді облыс басшысы.

Бұл ретте әкім Қытаймен арадағы визасыз режимді тиімді пайдаланып, туристерді көптеп тарту үшін Нарынқолда жаяу өткізу пунктін ашу жоспары барын айтты. Сондай-ақ туристер үшін ерекше тартымды Көлсайдың инфрақұрылымын дамыту, көріз жүйелері мәселесін шешу қолға алынғанын жеткізді. Оның айтуынша, биыл демалушылардың есебінен тегін WI-FI нүктесі қосылып, бейнебақылау камералары орнатылды. «Осы жерде Көлсайдың жанындағы Саты ауылы жақында Өзбекстанда өткен Дүниежүзілік туристік ұйымның кеңесінде «Ең үздік туристік ауылдардың» қатарына енгізілді. Бұл туризмді дамыту жұмыстарына берілген жоғары баға», — деп атап көрсетті Марат Сұлтанғазиев.

Әкімнің айтуынша, 2023 жылдың он айының қорытындысы бойынша, Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны жоғары. Облыста маятниктік миграция, көлік инфрақұрылымына, әлеуметтік нысандарға салмақтың артуы сынды жүйелі мәселелерді шешуге бағытталған ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Мысалы, Қонаев және Алматы қалаларының арасындағы G4 City жобасы қайта қолға алынды. Бұл бағыттағы алғашқы кадам — G4 City арнайы экономикалық

аймағының құрылуы. «Мұнда құны 3,7 трлн теңге көлемінде инвестиция тарту, 3,2 трлн теңге салық түсімдері, сондай-ақ 34 мың жұмыс орнын құру жоспарланып отыр. Бүгінгі күні бұл жобаның Іле, Талғар аудандары мен Қонаев қаласының аумағын қамтуы инвесторларға қолайсыздық туғызуда. Сондықтан Президенттің тапсырмасына орай G4 City қаласын жеке әкімшілік бірлік ретінде құру бойынша жұмыстар жүргізілуде», — деді Марат Сұлтанғазиев.

ӨНІР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЛОКОМОТИВІ — ӨНЕРКӘСІП

Өнеркәсіптің дамуы жұмыс орындарын ашып, жұмыссыздықты азайтуға мүмкіндік береді. Өңірде Қазақстанда қарқынды дамып келе жатқан фармацевтика саласында өндірілетін дәрі-дәрмек және медициналық бұйымдардың төрттен бірін шығаратын өндіріс іске қосылған. Соңғы бес жылда 7 зауыттың өндіріс көлемі 1,3 есеге артып, 33 млрд теңгеге жеткен. Сонымен қатар аймақтың ЖІӨ-нің 40%-дан астамын өнеркәсіп өнімдері құрайды. Қазір өңірде өңдеуші өнеркәсіп 90%-ға өсіп, республикада ең жоғары көрсеткішке ие болып отыр. Оның ішінде өндірістің үштен екісі азық-түлік, суындар мен темекі өнімдерін шығаруға тиесілі.

«Республикамызда өндірілетін шырындардың 85%-ы, суындар мен бал-мұздақтың 60%-ы, шарап өнімдерінің жартысынан астамы біздің облыста шығарылады. Құрылыс материалдарын өндіру саласында еліміздегі гипсокартонның 81%-ы, сәндік-панельдердің 48%-ы, болат құбырлар мен профильдердің 27%-ы Алматы облысында шығарылады», — деді спикер. Сонымен қатар құны 100 млн долларды құрайтын жылу оқшаулағыш материалдар шығаратын зауыт салынууда. «Осындай жұмыстардың нәтижесінде 10 айда өнеркәсіп өндірісі 7,7%-ға өсті. Салада 34 жоба іске асырылып, 1087 жұмыс орны ашылды», — деді әкім.

ЖАҢА ӘКІМШІЛІК ОРТАЛЫҚ САЛЫНАДЫ

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевтің айтуынша, облыс орталығы болғаннан бері Қонаев қаласының бюджеті 2,7 есеге өсіп, 40 млрд теңгені құрады. «Биыл Қонаевтың Бас жоспары бекітілді. Негізгі әкімшілік ғимараттар Қонаев қаласының қазіргі аумағында салынады. 19 мың гектар аумақта орналасатын қала халқының саны 2050 жылға қарай 200 мың адамды құрайды деп болжануда. 2-ші кезеңде «Жана Іле» алабы игеріледі. Онда әлеуметтік-тұрмыстық, мәдениет, білім беру ғимараттары, тұрғын үй кешендері және рекреациялық мақсаттағы нысандар салынады», — деді спикер ОКҚ алаңында өткен брифингте.

Көп кешікпей жаңа әкімшілік-тұрғын үй орталығын салуды көздейтін 5 жылдық кезеңге арналған Қонаев қаласын дамытудың Кешенді жоспары қабылданды. Әкімнің айтуынша, бас жоспарға сәйкес аймақтағы саяжайлар мәселесін шешу жоспарланған. Алдымен саяжайларды елді мекендерге қосу жөнінде шешім қабылдана, кейін кезең-кезеңмен инфрақұрылым жүргізу қолға алынады.

Т. МҰҚАНАТТЕГІ

Кеңес Одағы уақытында тарихымыз талай бұрмалауға ұшырады. Азаттықты аңсаған арыстарымыз атылды. Аты аталмайтындай дәрежеге жеткізілді. Елім, жерім деген өрлер есіл кетті. Халықтың жадында сақталған Тәттімбет күйші ғана емес, металлург те болған еді...

Біраз жыл бұрын «Тәттімбет Қазанғапұлы — XIX ғасырдың ұлы күйшісі, лирикалық және эпикалық дәстүрлерін байланыстырған шертпе күй дәстүрін жалғастырушысы» деп қана оқыды оқырман, осылай деп таныды өнерпаздар. Оның ұстазы Қызымойын Қуандық Байжігіттің шәкірті болған.

Негізінде, Тәттімбет өзінің әділдігімен халыққа танымал би, қазы, мәмілегер, семсерлесуші, алтын өнеркәсібінің қожасы, Қоянды жәрменкесінің негізін қалаушылардың бірі болған. Оның үстіне, Тәттімбет патшалық әскердің жүзбасылық қызметін атқарған.

«Тәттімбет ақсүйектер әулетінен шыққан, сондықтан Кеңес үкіметі кезінде оның шығармалары халыққа қарсы шыққан деп түсіндірілген, ал оның ұрпағы XX ғасырдың 20-30-жылдарынан бастап қуғынға ұшырап, Қарағанды облысы Қарқаралы ауылынан, туған жерлерінен қоныс аударған.

Тәттімбеттің өмірінде ең басты орын алатын бір нәрсені — музыкалық шығармашылығы немесе саяси-қоғамдық қызметі ме, айту қиын. Дегенмен өзінің даналығы, игілігі, қайырымдылығы нәтижесінде Тәттімбет замандастары үшін әрқашанда еш нәрседен тайсақтамайтын ер мінезді, тіпті адамгершілігі мол абыройлы адамға айналды», — деп жазады «Тәттімбет — тарихи тұлға» атты мақаласында Аян Әден.

Тәттімбеттің әке-шешесі оның би болғанын қалаған, сондықтан Қарқаралының әйгілі биіне шәкірт ретінде тапсырған. Сотілімі бұлағы жасөспірімге оңай берілген — дала құқығын шапшаң игеріп, шешендік өнерінің негізін тез меңгерген. Көп кешікпей, жастығына қарамастан Тәттімбет дербес сот тажірибесін бастады. Ол әртүрлі наразылықты реттеп, көптеген даудың шешімін



ТӘТТИМБЕТ ТЕК КҮЙШІ ЕМЕС...

кабылдап, сот ісін басқарған. Өзінің тапқырлығы, өткір тілділігі және де туралығы арқасында жас би бүкіл аймаққа танымал болған.

Тәттімбет өмір бойы казак елінің амандығы үшін отарлық тәуелділікке қарсы күрескен. Тәттімбет Қазақстанның алтын қазу өнеркәсібінің басында тұрған. Мыржық тауының Маныйбай қайнарының маңында Шайырғалы шахтасы сақталып қалған.

Кейінгі жылдардағы жазбалар тарихты бұрмалаудан сақтап қалмақшы.

Олай болса білгеніміз, там-тұмдап тергеніміз дұрыс. Тәттімбет Тобықты руының аға сұлтаны Құнанбай Өскенбайұлының (Абайдың әкесі) сенімді өкілі болған. Ол Құнанбайдың тоқалы, Абайдың шешесі Ұлжанның інісі еді. Құнанбай Тәттімбеттің үлкен рухани беделін қиын мәселелерді реттеу үшін қолданған. Солай Тәттімбет Құнанбайдың тапсырмаларымен Батыс Түркістанның казактаруына ресейлік азаматтығын қабылдау үшін жіберілген. Тәттімбет арнайы осы тапсырма үшін

«Алшағыр Шаған» және «Қорамжан» атты күйлерін шығарған.

Тәттімбеттің тағы да бір қыры — Кеңесары ханға сапары. Патшалық колониалды әкімшілігі казактың соңғы ханына қарсылықты доғартып тұтқынға берілуді ұсынған, алайда Тәттімбет құпия түрде Кеңесарыға Қырғызстан арқылы Қытайға шығуды айтқан. Әйткенмен, Кеңесары хан қырғыз манаптары ұйымдастырған торға түсіп, ұрыста қаза тапты. Тәттімбеттің жәнетәні көтерілісшілермен бірге болды. Кеңесары ханға арналған Тәттімбеттің «Азына» атты күйі сөзімізге дәлел.

«Тәттімбеттің бізге дейін жетіп, ноғаға түскен 27 белгілі күйі бар. Өкінішке қарай, Кеңес үкіметі кезінде шертпе күй бай-шонжарлардың өнері саналып, оларды халық арасында кен таратуға тыйым салынған. Тек Әбікен Хасеновтің қайсарлығы арқасында ұнтасында ағасымыз, бізге дейін жеткен. Кезінде елімізге белгілі күйші Мағауия Хамзиннің: «Жан сақтау үшін біз төкпе күй мен шертпе күйден «гибрид» жасап, халыққа шертпе күйлерді жеткіздік қой», — деп айтқаны бар. Тәттімбет белгілі көпес Варнава Ботовпен бірігіп, казак даласындағы тұңғыш тауар биржасы — Қоянды жәрменкесін ашады. Бұдан бұрын казактар

публицист, ағыбайтанушы, өлкетанушы Жұмағұл Шөженов. Тәттімбеттің енді бір қыры — Шығыс Түркістандағы кандастарымызға арнайы барып, тезірек Ресей империясының қолданыста өтуге кеңес бергені. Өйткені Ресей мен Қытайдың шекарасы жабылса, казактар екіге бөлінетінін сол кездің өзінде сезген. Сол уақытта оның шығарған күйлері: «Алшағыр-Шаған», «Қорамжан» және «Жазғы кайғы» осы оқиғаларға арналған. Ол Кеңесары ханмен тығыз қатынаста болып, халық көтерілісін белсенді түрде қолдаған. Тәттімбеттің Шығыс Түркістанда болуының басты себебі — Кеңесарының қырғыз жері арқылы Қытайға өткізіп жібермек ойы болған. Бірақ Кеңесары қолы қапыда қырғыздар құрған торға түсіп қалады. Тәттімбет сол кайғылы оқиғаға байланысты «Азына» деген белгілі күйін шығарған. 1849 жылғы Қарқаралы ауданында аға сұлтандыққа өтетін сайлауда басты кандидат Тәттімбет еді. Өйткені ол қай жағынан болса да, басқа үміткерлерден оқ бойы алда тұрған. Бірақ Омбыдағы генерал-губернатордың Тәттімбеттің кандидатурасын өткізбей тастауының басты себебі — оның Кеңесары ханмен тығыз байланыста болғаны. Тәттімбет казак жерінде алғашқылардың бірі болып, кен өңдейтін зауыт ашқан. Архив құжаттарына сәйкес, 1856 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы Х.Гауфортқа және Алтай тау-кен зауытының басқармасына хат жолдап, алтын кен орындарын барлауға рұқсат сұрайды. Осыдан кейін Батыс Сібір генерал-губернаторы кеңесінде алтын кен орындарын барлаушы Тәттімбет Қазанғаповқа арнайы іс ашылады. 1856 жылдың 13 тамызында Ресей империясының қаржы министрлігінен, Тәттімбет Қазанғаповқа Орталық Қазақстанда алтын және басқа да бағалы металдарды барлауға және өңдеуге рұқсат қағаз келеді. Бұл рұқсат қағазды Тәттімбетке Томск қаласында орналасқан Алтай тау-кен зауыты басқармасының төрағасы арнайы өзі келіп тапсырған. Өмірінің соңына дейін Тәттімбет өз атағын одан сайын асқатқатқан әрі сол кездегі басқа да казак зиялыларына үлгі боларлық осы кәсіппен айналысқан.

Бүгінде Тәттімбет атында ұлт аспаптар оркестрі, өнер колледжі, ескерткіштер, көше бар. Бірақ халық күйшінің басқа қыры, металлургия саласындағы еңбегін біле бермейді...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

ҚАЗАҚҚА ҚАНДАЙ ФИЛОСОФИЯ КЕРЕК?



Әйгілі норвегиялық философ, жазушы, Берген университеті философия кафедрасының профессоры Ларс 2004 жылы «Философияның философиясы» атты еңбегін жариялады. Кітап оқырман арасында кеңінен талқыланып, дискурсқа түсті.

Кітаптан үзінді келтірейін: «Философиямен шұғылданду — өзінді түсінуде күмәнданудан басталады. Өйткені философия тек сыртқы даналықты іздеу емес, ол өз нағандығыңызбен бетпе-бет келу, өзіне ыңғайсыз сұрақтар қою, кім екеніңді және барлығына күмәндану қажеттілігінен туындайтын құбылыс. Осының барлығы философияның терең жеке аспектісі ретінде бүкіл кітап бойында талданады. Менің ойымша, адам қандай болса да, оның ішінде философиямен айналыса бастайтын себептер туралы ұмытпау маңызды. Көп адам белгілі бір экзистенциалды мәселелерге тап болған кезде философияны зерттеуге келеді. Менде де солай болды. Бір өмірде алаңғасар жасөспірім шағында өмірдегі бағыт-бағдарымды білмейтін кезде философияға көмектесуді деп үміттендім. Зерттеу барысында менің алаңғасарлығым азайған жоқ, керісінше, өсті, бірақ мен процестің ішіне кірдім. Белгісіз себептермен философиялық мәселелердің шешімін табу маған салыстыруға келмейтін рақат әкеле бастады», — деп бастайды автор.

Менің түсінігімде философия белгілі бір стандартқа келмейтін, қатып қалған теория емес. Философия үнемі өзгерісте.

Өмір, ондағы құндылықтардың өзгеруі де философияның бағыт-бағдарын анықтайды. Философияның шекарасы мен әдістері де шексіз. Сол себепті кез келген философия, философиялық мектептердің сынаға, күмәнға ілігіуі заңдылық. Неміс философы Иммануил Канттың өзі «Таза ақылға сын», «Практикалық ақылға сын» деп кітаптар жазған. Демек, сын, күмәндану философияның акциденциялары десе де болады.

Философия ғылым ба, әлде өнер ме? Бұл сұрақ та көп оқулықта кездеседі. Сұраққа біржақты жауап беру де мүмкін емес. Біреуге ғылым, екінші біреуге өнер өмірлік хобби болуы мүмкін. Сол себептен де философияның шекарасы жоқ, кез келген ғылым саласымен интеграцияға түсе алатын сиқыры да бар. Дуиедегі әр зат, құбылыстың, адамның өз философиясы бар. Сол зат, құбылысқа, дүниеге мән беретін де осы — философия. Философияны толық білемін деу де ақыла сыйымсыз. Философияға тереңдей түскен сайын ештеңе білмейтіндігі білесің. Осындайда казак халқы: «Білгенім бір тоғыз, білмейтінім тоқсан тоғыз» деп қысқа кайырған.

Философияның пайда болуына алғашқы түрткі болған сұрақтар — «Өмірдің

мәнін қалай табуға болады?», «Мен кімін?», «Менің өмірдегі мақсат, мұратым не?» деген сұрақтар әр заманда адамзатқа тыныштық бермеген. Өмірлік өзектілігі бар өткір сұрақтарға жауап іздеу — біз айтып отырған философия ғылымының басты міндеті. Адамның санасындағы осындай әлсіз, тылсым күштер философияны дүниеге әкелген. Өмірдің өзі өте нәзік. Алдын ала болжау да мүмкін емес. Атам казак оны «тағдыр» деп бір сөзбен түйе салған.

Қазір мың құбылған аласапыран заманда өмір сүрудеміз. Өмірдің мәнін іздегендер де өте көп. Ақпарат пен неше түрлі ойдың таласында өзінді жоғалтып алмай, болмысыңды сақтау да күннен-күнге қиындап барады. «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, әуре етеді ішіне қулық сақтап. Өзіне сен, өзінді алып шығар, сенімің мен ақылғың екі жақтап» деп хакім Абай айтқандай, бар үміт өзінде.

Көп жағдайда ел ішінде философия десе бірден есіне Сократ, Платон, Аристотель, Бэкон сияқты философтар түседі. Платон академиясы мен Аристотель ликейін де философтар қауымы біледі. Әрине, олардың барлығы философия ғылымының өсіп-өнуіне ықпал еткені анық. Бірақ бұл тұтас философияны құрамайды. Әркім өз ойына, өміріне жауапты. Жеке тұлға ретінде өз ойын, өз пәлсапасын қалыптастырғаны дұрыс. Витгенштейн айтпақшы, «философия — бұл ең алдымен өзінмен, өз идеяларымен және әдістерімен жұмыс істеу».

Бізге жетіспейтіні — өмірдегі кез келген құбылысқа сыни көзбен қарау. Басқа қырынан, басқа жолмен келуді кейде ұмытып кетеміз. Қандай да бір идеяны, тұлғаны абсолют деп қарауымыз керек деп ойлаймын. Философияның мақсаты да сол.

Хайдеггер өз заманында «нағыз философия тек неміс және грек тілдерінде ғана» деген ойды айтқан. Біз бұл пікірмен келіспейміз. Философия тілге бөлінбейді. Әр ұлттың өз философиясы болатыны аксиома. Бүгінде казак философиясы (пәлсапасы) қалыптасу үстінде. Жас ғалымдар шығып, казакша диссертацияларын сәтті қорғауда. Ұғымдар да казакша сөйлей бастады. Философиялық ойлау мәдениеті бой түзеді. Қа-

зақ халқының дүниетанымымен бір арнаға тоғысып, жан біте бастады.

XXI ғасырда казакқа қандай философия керек деген сұрақ көпшілікті мазаалайтыны шындық. Бұдан былай казакқа, казак мемлекетіне «аналитикалық философия» керек дер едім. Бұл ұғымды ғылыми айналымға ағылшын философтары Джордж Эдвард Мур, Бертран Рассел, одан кейін неміс ойшылы Готлоб Фреге еңбектерінде сөз болған. Аналитикалық философия қоғамдағы, әлемдегі өзекті тақырыптарға сараптама жасауды, бір мәселеге әр қырынан қарауды көздейді. Бір қуантарлығы, елімізде пікір алуандығы бар. Еркін ойға шек жоқ.

Көпшіліктің философия пәніне қатысты сыны — қазіргі философия өткен шақпен ғана оқытылатыны. Сол себепті де бүгінгі философия, осы шақ, дәл қазіргі уақытпен, бүгінгі өзекті та-

Қоңе замандарда қажет болған философия өркеніет әлемінде өз орнын іздеп жатқан елімізге де, бізге де керек емес деу — қателік. Философия — ең алдымен дүниетаным, өмірлік ұстаным, көзқарас, іс-әрекет, ойлау тәсілі, өзіндік ұлттық сананың дәрежесін білдіретін ғылым саласы.

Ең алдымен философия пәнін оқыту барысында біз маман емес, адам, адамның құндылықтарын қалыптастыратын миссиямызды ұмытпаған дұрыс. Қазіргі алмағайып заманда өмірдің мәні, адамның өмірлік маңызды сұрақтарын талқылауды тоқтатпауымыз керек.

Философия пәнінен сабақ беру барысында біз әр студенттің санасына адамшылықтың дөнін сеуіп жатқанымызды ұмытпайық. Маман емес, адам тәрбиелеудегі миссиямыз да бар. Өмірдің мәнін іздеп, «Сен де бір кірпіш дүние-

“

Ең алдымен философия пәнін оқыту барысында біз маман емес, адам, адамның құндылықтарын қалыптастыратын миссиямызды ұмытпаған дұрыс. Қазіргі алмағайып заманда өмірдің мәні, адамның өмірлік маңызды сұрақтарын талқылауды тоқтатпауымыз керек.

қырыптармен тығыз байланыста болуы керек деген пікірлерін айтуда. Мен де осы оймен толық келісемін.

Университеттердегі академиялық философия көбіне жабық. Студенттерге сабақ беру, мақала жазу, конференцияларға қатысумен ғана шектелуде. Сондықтан көпшілік, мектеп бітіруші түлектер философия ғылымы, мамандығы туралы біле бермейді. Насихат жетіспейді. Философия ғылымының танымалдығы төмен.

Оның басты себебі — біздегі философия кафедраларындағы ішкі жағдай: мықты оқытушы, профессорлардың бәріне міндетті пән ретінде оқытылатын философия курсы шеңберінен шыға алмайды. Бізге жеке салалар бағытындағы маманданған философтар қауымын тәрбиелеу керек. Мысалы, жеке Қытай философиясы, онтология мен гносеология, этика, эстетика, араб-мұсылман философиясы, аналитикалық философия, антропологиялық философия, ғылым философиясы, түркі философиясы деген сияқты мамандар мен мамандықтарға көңіл бөлген дұрыс. Медициналық білім беруде студенттер жоғары курстарда мамандық таңдаған сияқты бізде де сондай болуы қажет шығар?!

Кетігін тап та, бар қалаң!» деп хакім Абай айтқандай, әр студенттің бұл өмірден өз орнын табуда Философия пәнінің алатын теориялық-практикалық қыры ұшан-теңіз деп білемін. Қоғамда көрініс тауып жатқан келеңсіз оқиғаларға жол бермеу, сондай әдеттерден қорғандың иммунитетін қалыптастыру үшін біз сөз кылып отырған философия пәнінің алатын орны айрықша болуға тиіс.

Жоғарыда аталған Ларс Свендсен өз кітабында мынадай қызық мәліметті келтіреді: «Әлемде ешқашан философиямен нан табатын адамдар көп болған емес. Сонымен бірге дәл қазір философия бұрын-соңды болмағандай жабық пәнге айналды. Бір қызығы, бұл академиядан тыс философияға деген қызығушылық өте жоғары болған кезде болады. Ағылшынтілді елдерде университеттерде шамамен 14-15 мың философ жұмыс істейді. Тек Норвегияда олардың саны екі жүзге жуық». Ал біздегі философтардың саны мен сапасы қандай — ол басқа мәселе...

Рауан КЕМЕРБАЙ,
Л. Гумилев атындағы ЕУУ
философия кафедрасының доценті,
PhD

«Қонаев дәуірі» – бес сериялы деректі фильм. Фильмді түсірген – Бостон университеті, Коммуникация мектебінің магистрі Әлия Әшім. Деректі фильм 1960-1989 жылдары аралығындағы қазақ тарихының қалыптасуы, биліктегі номенклатураның орнығуы мен өнер-мәдениетіміздің қалыптасуы төңірегінде ербиді. Өткен кезең арқылы елдің трансформациясын, дамуын көрсетуге тырысқан. YouTube-тың Q.rec productions арнасында көрсетілген фильмді тамашалағандар өте көп. Деректі фильмді түсіруге не түрткі болды? Біздің біліміз келгені де осы.



Әлия ӘШІМ,
деректі фильммейкер:

– Әлия, ұстазымыз, белгілі жазушы Серік Әбдірайымов өмірінің соңында Қонаев туралы бірнеше кітап жазды. Ол кісінің: «Қонаев туралы кейбір деректер уақыт өте келе айтылатын болады» деп айтқаны бар еді. «Қонаев дәуірінде» қандай жана деректер таптыңыздар?

– Біздің формат – деректі фильм. Бізге керекті сол дәуірдегі бейнежазбалар болды. Әрі сол жазба төңірегінде айтып беретін тарихшыларды іздедік. XX ғасырдың 60 жылдары өмір сүрген қайраткерлердің арасында көзі тірісі аз. Ал Серік Әбдірайымовтың не айтқанын білмейміз, ол кісі биліктегі талас-тартысты айтса, біз оны барынша ашық көрсеттік деп ойлаймын. Ешқандай цензурасыз шықты, ешкім бізге нақты тапсырма берген де жоқ. Қонаев тұлғасы қандай, объективті түрде беруге тырыстық. Деректердің көбін архивтен алдық.

– Дінмұхамед Қонаев дәуірі – қазақ тарихының бір белесі. Бұл тақырып не үшін қызықтырды?

– Біз – Тәуелсіз Қазақстанда дүниеге келген ұрпақпыз. Біз мектепте оқыған Қазақстан тарихын көрсеніз, онда Қонаев туралы да, оның дәуірі туралы тым қысқа берілген, ары кетсе, екі-ақ бет. Ол кезеңдер туралы да көп жазылмаған. Былай қарасаңыз, ол кісі – билікте отыз жылдай отырған адам. Отыз жылдық дәуір туралы екі бет жазу деген – нонсенс. Ежелгі дәуір тарихы туралы көп оқыдық, білдік. Бірақ Қонаевты жұрт жақсы біледі, құрметтейді, аңыз қылып айтады. Әсіресе, үлкен буын, әке-шешеміз, ата-әжелеріміз құрметпен айтып отырады. Бірақ ол да адам баласы ғой. Адам болған соң, кейде дұрыс емес шешімдер айтылады. Сондықтан мен ол кісі туралы тереңірек білгім келді. Шын мәнінде, ол – кім? Ең бірінші, осы сұрақтың жауабын іздеуге ұмтылдым.

– Тарихи тұлғалар өте көп. Таңдау неге Қонаевқа түсті?

– Бұл сауалдың туғанына үш-төрт жыл болған шығар. «Болашақпен» оқып келгеннен кейін осындай күрделі тақырыптар мені қызықтыра бастады. Бірақ мен деректі фильм түсіремін деп ойлаған жоқпын. Әуелі ол кісі туралы жазылған көркем дүниелерді, сосын ол кісінің мемуарын оқи бастадым. Ол шығармалардың барлығын дерлік қазіргі Z буын бірден түсінуі оңай емес. Тіпті, өте қиын жазылған. Соған қарамастан, толық деректі дүниелердің бәрін оқуға тырыстым. Оқып отырып, ол кісі айтқан әр фамилияға жеке-жеке тоқталуға тырыстым. Мәселен, ҰҚК қызметі пәленше пәленше деп тұрса, соны Гуглға салып, іздеп көріп, жеке қағазыма түрткіп отырдым. Тәшенов, Камалиденов, Әуелбеков... Тағы сол сияқты фамилиялардың бәрін түрткіп отырдым. Осыдан барып менде жеке картина қалыптаса бастады. Тіпті, кейбір есімдерді білмек түгілі естімеген екенмін. Бұл есімдер тарихи оқулықтарда болған да жоқ. Олар қазақтың сол бір дәуірінде маңызды шешімдер қабылдаған азаматтар болса, ол неге оқулыққа енген? Осылай-осылай есімдерді жинақтау арқылы сол замандағы жүйені түсінгендей болдым. Толық отыз жылдың картинасын қалыптастырмасам да, шет жағасы миға сіне бастады. Менің мақсатым – осы өзім оқыған, түсінген, жадыма қабылдаған дүниелерді Z ұрпаққа көрсету. Олардың әрқайсысынан «сен білесің бе?» деп сұрап отыра алмаймын.

– Деректі фильм түсіруге қанша уақыт кетті?

– Бір жылдай жинақтадық десек те болады. Архивке отыруға көп уақыт кетті. Сәуле екеуіміз бірігіп, жан-жақты деректер жинай бастадық. Мәскеуде

– Бізге ешкім демеуші болған жоқ. Сол үшін де жоба бір жарым жылға созылды. Өйткені архив құжаттарын сатып алуға да қаржы керек болды. Сәуле Темірбаева екеуіміз тапсырыс алып, содан түскен ақшаны осы деректі фильмге жұмсап отырдық. Тапсырыс деген – текст жазамыз, фильм түсіріп береміз. Сосын біздің командада 15 жастағы жасөспірімдер де болды. Олар «Ракурс» дейтін фильм мектебінде



ТАРИХИ

Тұлғаларды

ҚАЛАЙ ТАНИМЫЗ?



съезд өткені туралы құжатты табасыз. Оның сценариясын түгел тыңдап шығу керек. Тәшенов пен Қонаевқа қатысты кей деректерде әр тарихшы өз нұсқасын айтады. Мәселен, онтүстіктің кей аудандары Өзбекстанға берілгені туралы құжаттар бар. Ол құжатқа кім қол қойды? Сол кездегі Жоғары кеңестің депутаттары қолдала ма? Сол видеоларды іздедік. Онда кімдер бар? Кімнің түр-тұлғасын таныдық? Әр айтылған тезистерге дәлелдер іздеу уақыт алады. Ал құр видеоны тауып, оны құрастыра салу қиын емес.

– Сол замандағы бейне жазбалардың бәрін архивтен алдыңыздар ма?

– Біз ол жазбалардың барлығын сатып алдық. Мәскеуде бір минуттық видео 25 мың теңге тұрса, еліміздің архивтерінде 6 мың теңгеге шықты. Хрущев, Горбачевтің видеоларын Мәскеуден алдырдық.

– Кез келген тарихи тұлғаны жазу үшін авторлық құқықты сақтау керек. Бұл тұрғыда сіздер кімнен рұқсат алдыңыздар?

– Ол кісінің бүкіл мұрасы архивке өткізілген. Қонаев қоры архивке толық кіруге мүмкіндік берді. Негізінен, Қонаев қорының сайты ақтарсаңыз да, біраз құнды деректер бар. Тек құжатты өңдейтін журналистер аз.

– Кез келген жобаны қолға алу үшін қаражат керек. Деректі фильмді түсіруге қаржыға тірелетіні белгілі. Демеуші таптыңыздар ма?

дейді. Ол – өмірі жыламаған адам. Тіпті, үстінен қылмыстық іс қозғалды дегенді естігенде де мыңқ етпеген. Елдер Қонаев айтады: жүрегі ауырып, қатты шаншып кеткенде үстінен жұдырығымен ұрып отырады екен. Яғни, ауруды аурумен басу үшін. Сол үшін де көркем фильм түсіргім келді. Деректі фильмде оның эмоциясын көрсете алмаймын. Иә, біз көп көркем фильмде кей тұлғаларымызды тым идеал қылып көрсеткіміз келіп тұрады. Мен керісінше, азаматтық келбетін көрсетсем деймін. Кемшілігін, қателігін, артық шешімдерін, дұрыс іс-әрекеттерін, қасиетін, болмысын көрсеттім. Өйткені ол да адам ғой, кемшілігімен, қателігімен бірге қабылдағанымыз жөн. «Қыз Жібек» фильмі, «Көшпенділер» трилогиясы, қаншама театрларымыз дүрілдеп тұрды. «Аз и Я» кітабының шығуына ерекше еңбек сіңірді. Бірақ республикада қазақ тіліндегі мектептер азайды. Еесіне ауылдардың өзінде орыс мектептері ашылды. Бір Алматының өзінде жалғыз мектеп қалған. Көрініз бе, бір-біріне кей шешімдері қарсы келіп жатты.

– Келесі тақырып қандай болмақ?

– Біз «Желтоқсанды» түсірдік. Бұл деректі фильм емес. Репортаж жанрында түсірілді. Одан кейін орыстандыру саясаты туралы репортаж жасасак деген ой бар. Келесі жылы «Семей полигоны» туралы Netflix-ке питчинг жасағанымыз келеді. Бірінші мақсат – арна ашу болғанымен, Netflix-те қазақша дүниелердің болғанын қалаймыз. Тіл білеміз, «Болашақпен» оқып келдік. Қазақ тарихын біз түсіріп көрсетпесек, айдаладағы шетелдік қайдан түсінеді?

– Иә, «Болашақпен» Америкада оқып келгеніңізді білеміз. Сізде де әлі «америкалық арман» бар ма?

– Менде шетелге баруға мүмкіндік жетеді. Тіпті, визам да бар. Бірақ өзімді шетелге қажетпін деп санамаймын. Америкада жақсы өмір сүруге болады. Мендегі мақсат біреу ғана: ол – осы елге пайда тигізу. Яғни, қазақ туралы дүниелерді өзгелер де білетіндей деңгейде фильм түсіру.

– Қазір YouTube арна көп. Қанша көп болса да, қазақша контенттердің сапасы сын көтермейтін сияқты. Неге біз Қанат Бейсекеевтің не болмаса Тимур Балымбетовтің арналарын жиі тамашалаймыз?

– Өйткені қазақ тілді арналарда хейт тақырыптар көп. Кім көбірек айғайлайды, сол өтімді. Тіпті, үлкен кісілер сондай арналарды жақсы көреді. Керісінше, мен айтқан буын салмақты, айтар ойы бар бағдарламаларға мұқтаж. Сондықтан да Бейсекеев пен Балымбетовті көруге тура келеді. Орыс тілді бағдарламалардың өтетін тұсы: спикер көп. Үлкен картиналарды көргіміз келеді. Бірақ оған қазақ тілді спикер таппаймыз. Мәселен, кешегі «Қонаев дәуірінде» де орыстылді спикерлер көбірек таптық. Кеңес одағын зерттеген ғалымдар көп. Олардың дені – орыстылді.

– Оныңыз рас. Әңгімеіміздің түйінді тұсында жаңа жобаларыңа сәттілік тілеуге рұқсат еткелсіз! Еңбектеріңіз жана берсін!

– Бізге сатамыз деген мақсат болған жоқ. Иә, рас, сатып алынғыс келгендер болды. Тіпті, өз ақшасын ақтайтындай да ұсыныстар жасағандар бар. Біздің YouTube арнамыз мақсаты – саяси оқиғаларды жеңіл тілмен көрсерменге ұсыну. Егер біз басқа медиа арнаға берсек, ол жерде жаңалықтар, сұхбат, мақалалар бар. Оның үстіне, біздегі YouTube

арналардың бағыты белгілі: екі адам отырып алып, подкаст жасайды. Біз таза тарихи маңызды дүниелерді жеңіл тілмен жана стильде түсіндіруді көздедік. Netflix-те эксклюзивер деген стиль бар: құжаттармен түсіндіреді. Біздің де бағытымыз – осы. Сондықтан сатып жіберуге де болар еді, бірақ оған формасы келінкіремейді. Тағы бір дүние – аудитория. Көпшілік хабарлардың көрермені – 40-50-жастан асқандар. 17 мен 40-тың арасындағылар не көреді? Бұл арадағы кеңістік бос жатыр. Біз аудиторияны көп зерттей бермейміз. Қазір қарасаныз, деректі фильмге пікір жазып жатқандар да солар. Сол пікірлерді көргенде көңілім толады.

– Бір тарихи тұлғаны зерттей отырып, ашқан жаңалығыңыз не болды?

– Қонаев – нағыз коммунист болған адам. Кеңес одағында қызмет етті. Қызмет етпеуге мүмкіндігі жоқ еді. Өйткені қоғам сондай болды. Біз тәуелсіз мемлекет болған жоқпыз. Нұрсұлтан



Екеуі бірде ұшақпен ұшып келе жатқанда Қонаев иллюминатордан төменге қарайды да, ұланғайыр жерді көріп, «Қарашы, қазақтың жері қандай кең байтақ! Осының бәрі өзіміздің тәуелсіз жер болғанда» дейді. Қартайған шағы ғой. Мен осы бейнекөрініс арқылы партиялық шенеуніктен өзінің ұлттық болмысына оралған адамды көрдім.

оқиды. Біздің деректі фильм бес сериядан тұрады. Алғашқы серияда миф пе, ақиқат па, соған тоқталдық. Сөйтіп, кезең-кезенімен дайындап шықтық.

– Деректі фильм YouTube арнасы арқылы таралып кетті. Оны сатуға мүмкіндік болмады ма?

– Бізде сатамыз деген мақсат болған жоқ. Иә, рас, сатып алынғыс келгендер болды. Тіпті, өз ақшасын ақтайтындай да ұсыныстар жасағандар бар. Біздің YouTube арнамыз мақсаты – саяси оқиғаларды жеңіл тілмен көрсерменге ұсыну. Егер біз басқа медиа арнаға берсек, ол жерде жаңалықтар, сұхбат, мақалалар бар. Оның үстіне, біздегі YouTube



ДАУЫЛБАЙ ҚОРЫМЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Жетісу облысының тұтас аумағын айтпағанда, облыс орталығы төңірегінде өзінде бағзы замандардан, өткен ғасырлардан бүгінге жарым-жартылай болса да аман жеткен құпия бүккен небір тарихи орындар бар. Бір өкініштісі, өздерінің жеке бастамаларымен осындай жерлерге қызығушылық танытып жүрген ерікті зерттеушілер мен өлкетанушылардың жылдар бойы сол ескерткіштер, таңбалы тастар, құпиялы қорымдар мен обалар жайлы жазған, айтқандары тиісті орындардың құлағына жеткенімен, назарынан тысқары қалып жатты.

Тек кейінгі жылдары ғана осы бағытта нақты бастамалар қолға алынып, жұмыстар атқарыла бастады. Талдықорған қаласы әуежайының маңында орналасқан сондай сыр бүккен орындардың бірі — ел ішінде Дауылбай қорымы атанып кеткен жер. Жақында Жетісу облыстық Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталығының бастамасы және тапсырысы бойынша осы қорымда қазба жұмыстарын жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археологиялық экспедициясы бұл жерден ерте темір дәуіріне тән обаны тапты.

Облыстық Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының ақ-

параты бойынша далалық зерттеу жұмыстары барысында оба бұған дейін бірнеше мәрте тонауға ұшырағаны анықталыпты. Соңғы рет былтыр суық қол сұғылып, біраз бағалы дүние қолды болған сынайлы. Дәл осындай келеңсіздіктердің кейінгі кездері жиілеп кеткендігіне байланысты тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі оралық қорымды кешіктірмей зерттеу жөнінде бастама көтеріп, археологтарды осы игілікті іске тартыпты. Қазба жұмыстарының алғашқы кезеңінің өзінде бұл жердің тарихи маңыздылығы аса жоғары екендігі белгілі болып отыр. Маман археологтардың пікірі бойынша, қорым сол бағзы заманда елге тұтқа болған ақс-



үйектерге арналған. Мұндағы обаның биіктігі — 3,4 метр, диаметрі 40 метр. Төбешікті айналдыра ор қазылған. Тонаушылар батыс жағынан қазуды бастап, біртіндеп ортасына қарай ойысқан. Далалық зерттеу жұмыстары да обаның дәл осы орталық бөлігінде жүргізіліпті. Осы тұста қаскөйлер қазған, қабірден тар оқпан табылыпты. Алғашында қазба жұмыстарының көлемі 5x5 метр ауқымында жүргізіліп, кейіннен ескерткіштің құрылымы бойынша кеңейтіледі. Қазу барысында тастан жасалған сауыт-қаптама мен тағы да басқа құрылыстар, төсемтастардың, қойтастардың қалдықтары табылған. Өкінішке қарай, тонаушылар бұлардың бәрін бүлдіріп, шашып тастапты.

Археологиялық экспедицияның жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Досбол Байқонақовтың айтуынша, қазба жұмыстары нәтижесінде, обаның төбесінен есептегенде 5 метр тереңдіктен екі бірдей қабір табылған. «Бірінші қабір толығымен тоналған. Бұл жерден тек қойдың бір жауырыны ғана табылды. Жауырын жерлеу рәсіміне арналған тамақтың қалдығы болса керек. Екінші қабірден ер адам

сүйегінің қалдықтары, сонымен бірге екі керамикалық ыдыс, үй жануарларының сүйектері, қызыл түсті ағаш сабы бар акинак семсер шықты. Семсердің жанында металдан және сүйектен жасалған айылбастар жатыр екен. Сондай-ақ қорамсақтың қола ілгіші, ине мен құрсау, алтын және сүйек ілмектер табылды. Қабірден шыққан алтын бұйымдар қатарында таспа, түтікше, мысық тұқымдас жануарларды бейнелейтін айылбастар бар. Айдаһар жыланды бейнелейтін сүйектен жасалған айылбас үлкен қызығушылық тудырып отыр. Өйткені дәл осы жерден табылған мұндай зат отандық археологияда мүлде жоқ десе болады, тым сирек кездеседі. Ол аймақ тұрғындары арасында жыланға, айдаһарға немесе айдаһар жыланға табынушылықтың болғанын білдіреді. Әлем халықтары мифологиясында жыланның рөлі екі-үшті. Ал мұнда ол қасиетті жануардың мәртебесін иеленген және бірқатар құбылыстармен байланыстырылған болуы мүмкін. Қалай болғанда да, аталған бауырымен жорғалаушының киелі болып саналғаны дау тудырамаса керек», — дейді профессор.

Мамандардың болжауынша, қазылған обаны Жетісу аймағында осыдан екі мың жыл бұрын мекендеген үйсін немесе юежи тайпаларының мәдениетімен байланыстыруға болады. Қазба жұмыстарынан сон археологтар зертханалық зерделеу жұмыстарын жүргізбек. Қабірден табылған барлық заттар зерттеліп, материалдар мұқият талданады. Табылған заттардың бірқатары «Қырым аралы» ғылыми қайта қалпына келтіру зертханасында қайта қалпына келтірілуі мүмкін.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

ТӨРТ ТӘУЛІКТЕ ПІСЕТІН ТҮРІК НАНЫ

Түркия Елшілігінің арнайы шақыртуымен Астанаға келген аспаз Хакан Доған қазақ кәсіпқойларына арнап түрік наны мен нан өнімдерін пісіру бойынша оқыту семинарын өткізді. Шеберлік сабағына еліміздің Алматы, Шымкент және Түркістан қалаларынан аспаздар қатысып, нан пісіру шеберінің тәжірибесін үйренді. Білікті аспаздың семинары 3 күн бойы Rixos President Astana қонақүйінде өтті.



Хакан Доған 130 жылдан бері нан пісірумен айналысып келе жатқан отбасынан шыққан. Дарынды аспаз көптеген оқу орнында, кәсіптік лицейде нан өнімін даярлау туралы семинар сабақтарын өткізіп тұрады. Ол сондай-ақ 2014 жылдан бері Италия, Латвия, Кипр, Ресей, Польша, Франция, Германия және Бельгия сияқты елдерде ашытқы туралы зерттеулер жүргізіп келе жатқан зерттеушілер тобының мүшесі. Аспаздың нан, торт және шоколад туралы жазған мақалалары, сұқбаттары мен зерттеулері республикалық журналдарда жарияланады.

Аспаз Хакан Доған үш күннің ішінде түрік халқының 15 түрлі ұлттық нан өнімдерін әзірлеу жолын түсіндірді. Ерекшелігі — кейбір нан түрлері 1 күннен 4 күнге дейінгі уақыт аралығында пісіруге дайын болады. Сонымен қатар нан түрлері құрамына қосылатын қоспалар мен безендірілуіне байланысты арнайы мерекелерде дастарқанға ұсынылады.

Түркия — ежелден нан өнімдерін пісіретін елдердің бірі. Біз тұратын жерде 13 мың жыл бұрын нан пісіру кәсібі қолға алынған. Нан өнімдерінің көбі тәуліктен аса уақытта дайын болады, дайындалу процесі қаншалықты ұзақ болса, нан да дәмді болып піседі. Ең тез дайын болатын нан түріне 3 сағат уақыт кетеді. Семинардың алғашқы күні кипр нанын әзірлеу әдісін көрсеттім. Бұл — Солтүстік Түрік Республикасында дайындалатын нан түрі. Атаулы күндерге байланысты арнайы пісіретін нан түрлері көп. Мысалы, бүгін дайындаған «Осман наны» қыз айттырып келгенде пісіріледі. Ол түрік халқының ұлттық ойымен безендіріледі. Нанның бетіне себілген жемістер отбасының материалдық жағдайын сипаттайды. Мысалы, грек жаңғағы байлығыңызды, кептірілген жемістер әл-қуатыңыздың жоғары екендігін білдіреді. Ал тұрмыстық жағдайы орта отбасылар бұл нанның орнына басқа тәттілерді апаралады.

Түріктің ұлттық нан өнімдері мәзірін арнайы түрік аспазынан үйрену — бұл еліміздің кәсіпқойлары үшін үлкен тәжірибе бастауы болмақ. Оқыту семинарына қатысқандар барынша жігерімен нанның бірқатар түрін дайындап, түрік тағамын даярлаудағы тәжірибелерін жетілдіре түсті.

Түркиялық аспаздың келіп, шеберлік сабағын өткізіп жатқаны біз үшін үлкен тәжірибе болмақ. Біріншіден, мейрамханамыздың негізгі ас мәзірі түрік тағамдарынан тұрады. Екіншіден, келген қонақтардың басым бөлігі де түріктер, сондықтан түрік халқының ұлттық нан өнімдеріне де сұраныс өте көп. Шеберлік сабағында қолжетімді өнімдер арқылы түрік елінің ұлттық нан өнімдерін оңай әрі тез дайындалу жолын үйрендік. Ұзақ уақыттың ішінде дайындалатын нандар күш пен уақытты үнемдейді және дәмді болып пісетініне көзіміз жетті. Өз тәжірибемде байқағаным — түрік наны мен өзіміз пісіретін нанның дайындалу технологиясы ұқсас келеді. Мысалы, кипр наны біз даярлайтын чабатта нанына ұқсайды. Бұдан бөлек, құрамына қосылатын шикізаттары ұқсастығын нан түрлері де бар екен. Оқыту семинарында тағы бір үйренгеніміз — ашытқысыз, табиғи көтерілетін нанды дайындау. Алдағы уақытта білікті аспаздан үйренген нан түрлерін мейрамханамыздың ас мәзірі қатарына қосу жоспарда бар, — дейді аспаз Әлла Сүткенжеева.

Сонымен қатар арнайы шақыртумен келген аспаздың тәжірибесін үйренуге мейрамхананың ғана емес, құндер желілерінің де аспаздары да қатысты.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Сымбат БЕГІМБАЕВА

Соңғы жылдары халықтың салт-дәстүрлері түрленіп, рухани ұстанымдарымыз өзгеріп жатқанын жоққа шығармаймыз. Атадан қалған дәстүр қоржыны бұрын біз естімеген әдет-ғұрыптармен толығып жатыр. Ескілікті сақтай отырып, жаңа үлгімен жастар арасында сәнге айналған әдеттер салт-дәстүрге жата ма?



Қазақ дәстүрі ҚАЙСЫСЫ?

Ықылым заманнан қазақ халқы қыз тәрбиесіне ерекше мән берген. Қыз баланың өмірінде жасалатын жөн-жоралғылар да көп. Бүгінде олардың қатары тағы жанаша дәстүрмен толығып отыр. Ұзату тойының алдында бойжеткеннің құрбылары ұйымдастыратын «кыз-ойнақ» немесе «хен-пати» — қазіргі жастар арасында ең көп тараған сауық түрі. Оның шарты бойынша қалыңдық жиналыстың өтетінінен бейхабар болуы керек. Қызды қырық үйден тыйып, құрсақ көтерген ананы «көзден» қорғап ата-салтты берік ұстанатын біздің қазақи қоғамда «хен-пати» сияқты дүниелер қай жатқан енді?

«Қызойнақ» дейтін қазаққа жок нәрсе. Оны ғұрып немесе дәстүр деп атау мүмкін емес. Бұл — жай ғана жастардың қызығушылығынан туған әдеттер. Үлгі болар тәрбиелік мәні жоқ, кешке киген киімдері де өзге елдің ұлттық стилінде болса, оның несі дәстүр? Елдердің арасында мәдениет алмасып отырғаны дұрыс-ақ. Бірақ мәдениетімізге түгел енгізіп алудың қажеті жоқ. Өзіміздің қазақи дәстүрлерден айырылуға бір қадам қалып тұрмыз ғой. Басқа дүниелерге бас қатырмай, өз салт-дәстүрімізді сақтап қалуды ойлануымыз керек. Өзім жастардың арасында осындай жын-дардың болуына қарсымын, дәстүрін ұмыта бастаған жастардан болашақта қандай ұрпақ тарайды? — дейді этнограф Баһаргүл Төлегенқызы

Жаңа шаңырақ табалдырығын аттаған күннен бастап қазақ әйелдерінің өмірінде дәстүр беріктігі арта түседі. Халық тұрмысында жүкті әйел босанбай тұрып жасалатын ғұрыптың бірнеше түрі болған. Солардың алғашқылары — құрсақ той. Ғұрып сәби дүниеге келмей тұрып, аяғы ауыр жас келіннің құрметіне орай өткізілген. Дәстүр бойынша бұл рәсімді келіннің енесі орындаған. Қуанышты жаңалықты бөлісу үшін абысын-абындыр мен көрші әйелдердің басын қосып, дастарқанға қойылған дәм-тұздан ауыз тиген. Жылған әйелдер бұдан кейін бала біткен келіншекке дәмді тамақ дайындап сыбағасын әкеп беретін болған. Жас келіннің енесі сол уақыттан бастап киіз үйдің сыртына үкі тағып қоятын болған. Бұл алыстан жолалушылар келе жатқан салт аттылар, үйде бойына бала біткен келін бар екенін біліп, үй жанынан ақырын өтетін болған. Енді дәстүрдің бүгінгі халімен танысайық. Атауы мен рәсімі түгелімен өзгерген дәстүр қазір «Гендер пати» деп ата-

лады. Ол не десеңіз — ана құрсағына біткен сәбидің жынысы анықталғаннан кейін ұйымдастырылатын, соның үл немесе қыз екенін жиналған елге, одан кейін әлеуметтік желі арқылы дүйім жұртқа жар салу.

Жастар жағы бұл қуанышты күнді тойлау — бүгінгі заман талабы деп түсінетіні хақ. Аталмыш дәстүрдің елімізге етене енгеніне көп болмаса да, қоғамда оны орындайтындар көп. «Жаңаша салт» ұлтымыздың рухани мәдениетіне ұқсамайтын, мүлде керекер әдет екенін айтқан этнограф ұрпақ саулығына тигізер зиянды тұсы тұрасында пайымды пікірін білдірді.

Негізінде қазақ келіндері үш айға дейін құрсағын жасырып, оны тіл-көзден сақтау үшін жұрттан өзін аулақ ұстаған. Адам көп жиналатын жерлерге бармаған. Бұрындары көпті көрген

алтын құрсақты аналарымыз жас келіннің жүкті екенін сезген күннен бастап құпия сақтаған. Ал қазіргі жастар құрсақтағы баласын ойламай, дүркіретіп той жасап, жалпақ жұртқа жария етіп, сүйіншілеп жатады. Мұны қазақ дәстүрімен шағастыруға мүлде болмайды, — деді этнограф Б.Төлегенқызы.

Әлемнің әр түрлі еліне келген кен сермеп үлгерген, қазіргі «трендтегі» дәстүрлі орындап жүргендер көп болғанымен, оның қалай дүниеге келгенін білмесе керек. 2008 жылы Лос Анжелестің 39 жастағы тұрғыны Джэнна Карвунидис тұңғышын асыға күтеді. Ол мерекелерді жақсы көретіні соншалық, тіпті сүйікті алтын балығының туған күніне де тәтті торттар пісіреді екен. Әдеттегі күндерде Джэнна достарына қоян пішіндес тортты алдарына ұсынатын көрінеді, торттың ең негізгі ерекшелігі дәмі емес, сыртындағы қызғылт және көгілдір түсті декоры еді. Бұл түстер болашақ сәби қыз

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Рентгенология және радиология тарихына үңілер болсақ, 1895 жылы неміс ғалымы Вильгельм Конрад Рентген алғаш рентген сәулелерінің бар екенін анықтаған. XX ғасырдың басында рентгендік тексерудің ақпараттылығын жақсарту талпыныстары нәтижесінде томографияны сканерлеу технологиясы пайда болды және тұңғыш рет адамның ішкі ағзасын кеспей көруге мүмкіндік туды. Медицинада көптеген ғылыми жаңалық ашылып, осы салаға бірқатар технология енгізілді. Аурулар мен жаракаттардың тұтас кешенін диагностикалау саласында төңкеріс жасады, кейінірек терапия әдісіне айналды.

Ал елімізде рентгенологияның дамуы 1923 жылдан басталады. Сол жылы Верный (қазіргі Алматы) қаласында бірінші рентген аппараты қойылды. Екіншісі 1926 жылы сол кездегі республика астанасы – Қызылордада орнатылса, 1930 жылы Риддер қаласында рентген бөлмесі іске қосылды. 1953 жылы Қазақ мемлекеттік медицина институтында бірінші рет Рентгенология және радиология кафедрасы ашылды. 1964 жылы осы кафедраның қолдауымен Алматы дәрігерлер білімін жетілдіру институтында екінші Рентгенология кафедрасы ұйымдастырылды.

Бүгінде сарапшылардың айтуынша, отандық медицинада өкпе аурулары, жүрек патологиясы, онкологиялық ауруларды емдеуде радиологияны қолданудың маңыздылығы артып, радиациялық диагностика арқылы зерттеудің әдіс-тәсілдері молайған. Мысалы, рентгендік диагностика кез келген ағзадағы ауруды дөп басып, дер кезінде емдеуге мүмкіндік береді.

– Рентгенология және радиология зерттеу әдістері деп отырғанымыз – негізінен сәулелі диагностиканың тармақтары. Қазір Қазақстанда кеңінен қолданып жүрген молекулалық визуализация ол радиология мен ядролық медицинаның өте үлкен жетістіктерінің бірі деп атаймыз. Осыдан 30 жыл бұрын бұл фантастика секілді зерттеу әдістері болатын. Біздің Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты радиология саласында жеке



компаниямен бірігіп, компьютерлік томографияға өкпедегі үш миллиметрге дейінгі түзілісті анықтайтын жасанды интеллект технологиясын дайындадық. Ол жасанды интеллект дәрігердің қатысуынсыз, өкпедегі түзілістерді анықтауға көмектеседі. Осы жасанды интеллектің келесі жылы басталатын өкпе рагын ерте анықтауға арналған скринингтік бағдарламада пайдалануды жоспарлап отырмыз, – дейді Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының «Радиология және ядролық медицина» бөлімі менгерушісі, PhD доктор Жандос Аманқұлов.

Әлемдегі ең көп таралған аурулардың бірі – қатерлі ісік. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әлемде әрбір алтыншы өлім онкологиялық ауруларға байланысты тіркеледі. Ал елімізде соңғы 20 жылда қауіпті ісік анықталған адамдар саны 25 пайызға өскен. Жыл сайын қатерлі ісікке 37 мың адам шалдықса, оның 13 мыңы көз жұмады. Алайда бүгінгі ғылыми-технологияның дамуы бір кездері емдеуге келмейді деген аурулардан айығуға мүмкіндік туғызып отыр. Мәселен, сала мамандарының айтуынша, қазір қатерлі ісіктің I сатысындағы науқастардың 95 пайызын емдеп жазуға болады, ал II сатысындағылардың 80-90 пайызының

Әлемнің жетекші ғалымдарының пікірінше, радиология ғылымының келешегі фантастика әлемімен шектесуге сәл қалып тұр. Келешекте радиолог ғалымдар сәулелі диагностика мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін ұштастыру арқылы адам нанғысыз табыстар мен жаңалықтарға қол жеткізеді.



ОТАНДЫҚ РАДИОЛОГИЯНЫҢ

ОЗЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

емделуге мүмкіндігі бар. III сатысындағы науқастарда да ота сәтті жасалып, өз уақытысында ем алса, жазылуы ғажап емес. Ал дерттің IV сатысындағы науқастарға ота жасалып, олардың өмірін ұзартуға барынша жағдай жасалады. Сәйкесінше, онкологиялық аурулармен сырқаттану 25 пайызға өссе, қатерлі ісіктен болатын өлім 33%-ға дейін төмендеген.

Мамандардың айтуынша, қатерлі ісікке шалдығандар статистикасының артып, ал керісінше обыр салдарынан ажал құшатындар санының азаюына рентгенология және радиология ғылымының қосқан үлесі көп. Қазір медицина саласында дәрігер-радиологтың қатысуынсыз ауруды диагностикалау мүмкін емес. Дәрігер-радиологтар өз жұмыстарында әрбір пациент үшін

тексерудің 3 түрінен өту – әрбір азаматқа міндет. Министрліктің бекітуімен бүгінде азаматтар жас шамасына сәйкес скринингтен, яғни жатыр мойны обыры (әйелдер арасында 30-70 жас), сүт безі обыры (әйелдер арасында 40-70 жас) және тоқшық обыры (ерлер мен әйелдер арасында 50-70 жас) тексеріліп отыруы керек. Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният:

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен биылғы қазан айында Онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспар бекітілді. Осыған орай онкологиялық қызметті кешенді жаңғырту басталды. Егер пациентте онкологиялық ауруы бар деген күдік туса, ондай сырқаттарға «жасыл дәліз» ашылады. Ол адам емханаларда «Жасыл жол» бағыты бойынша жеделдетілген тәртіппен, 18 күннің ішінде барлық тексеруден өте алуы тиіс, – дейді.

Радиология – түрлі ғылымды тоғыстырған ғылым. Егер қатерлі дерт асқынбай дәрігерге қаралған жағдайда радиациялық диагностика зерттеу әдісінің тиімділігі мол. Ол адам бойындағы қатерлі ісікті нүктелі түрде жоюға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл салада жауапты әрі білікті мамандардың болуы маңызды.

– Бүкіл әлем медицинасында радиологияның рөлі зор. Медицинаның әр саласына радиологиялық әдістер өте қажет. Бұған дәлел – COVID кезіндегі радиологиялық диагностикалық әдістердің арқасында дәл диагноздар қойылып, жүздеген мың адамның құтқарылғаны. Астанада академик Ж.Хамзабаев атындағы радиология ҒЗИ ашылуының негізгі мақсаты – заманауи инновациялық технологияларды менгерген білікті радиолог кадрларды даярлау. Институттың негізгі міндеті – әртүрлі локализациядағы ауруларды ерте сатысында диагностикалау. Жасанды интеллект бағдарламаларын енгізу ғылыми серпіліс көрсетілетін диагностикалық қызметтердің сапасын жақсартуға, диагностикалық іздеуді және дифференциалды диагностиканы жеңілдетуге, диагностиканың жана әдістерімен түрлі ауруды емдеудің тиімділігіне мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді. Патологияларды, әсіресе қатерлі ісіктерді ерте сатысында анықтау үшін жана гибриді технологиялар әзірленетін болады, – дейді Астана медицина университеті, Ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор, медицина ғылымының докторы Раушан Рақымжанова.

Заманауи медицинада рентгенология және радиология саласымен қанаттаса дамып келе жатқан саланың бірі – ядролық медицина. Ядролық медицина Қазақстанда кеңестік жүйе кезінде-ақ жақсы дамыған екен. Мамандардың айтуынша, сол кезде Қазақстанда 24 радиоизотоптық зертхана болған. Одақ ыдыраған соң оның бірен-сараны ғана қалыпты. Бүгінде елімізде ядролық медицина саласында айтарлықтай ілгерлеу бар. Астанадағы Қазақстан Президентінің іс басқармасы медициналық орталығы ауруханасында

ашылған ядролық медицина орталығының ерекшелігі – қазір әлемдік медицина индустриясында қолжетімді позитронды эмиссиялық компьютер томографиясының болуы. Сканерлеу жылдамдығы жоғары бұл аппарат диагноз қою сапасын арттырады. ПЭТ/КТ зерттеуінен өтетін пациенттердің санын жылына 3 мыңнан 7 мыңға дейін жеткізеді. Мамандардың айтуынша, бүгінде бұл аппараттың Орталық Азия мен ТМД елдерінде баламасы жоқ. Ядролық медицина орталығының радиоизотоптық диагностика дәрігері Мақсат Жайымбаев:

– Бізде GE SPECT/CT Discovery 670DR, Symbia T6, SIEMENS 2 БФЭКТ/КТ аппараты бар. Циклотрон өндірісі кешені әртүрлі радиофармацевтикалық препараттың кен спектрін шығаруға мүмкіндік беретін озық жабдықтармен жабдықталған. Орталық диагностикалық қана емес, сонымен қатар радиофармацевтикалық препараттарды өндіру бойынша дәрігерлерді, физиктерді, химиктерді және радиофармацевтерді дайындайтын оқу орталығы екенін атап өткім келеді. Мамандары жыл сайын жақын және алыс шетел клиникалары мен ядролық медицина орталықтарында жүйелі түрде тағылымдамадан өтіп, біліктілігін арттырып, жинақталған білімдерін орталықтың күнделікті тәжірибесін толықтыруда. Дәрігерлер халықаралық ғылыми журналдарда тұрақты түрде жарияланады және қолайлы Хирш индексіне ие. Жыл сайын радиофармацевтикалық препараттарды енгізуде және жалпы ядролық медицина саласында көшбасшы әртүрлі елден профессорларды, оқытушыларды шақырамыз. Олар бізге дәріс оқып, білімімен және тәжірибелерімен бөліседі, – дейді.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, бүгінде елімізде, әсіресе еліміздің оңтүстік және батыс өңірлерінде ядролық медицина орталықтарының тапшылығы өткір сезілуде, соның салдарынан кезек күткен науқастар саны артқан. Кезегін айлап күткен науқас

алыс жол жүруге мәжбүр. Семей қаласында жалғыз Тераностикалық орталық (радиофармацевтикалық препараттарды қолдану арқылы диагностика ғана емес, сонымен қатар емдеу де жүргізілетін орталықтар) бар. Қазақстанға кемінде тағы 7 ядролық медицина орталығы мен 8 терапевтикалық орталық қажет. Статистикаға көз жүгіртсек, ядролық медицина орталықтары санының өсімі әлем бойынша жыл сайын 8 пайызды, ал терапевтік орталықтар өсімі шамамен 28-30 пайызды құрайды. Қазір бүкіл әлемде диагностикаға ғана емес, сонымен қатар радиофармацевтикалық препараттардың көмегімен онкопатологияны емдеуге арналған орталықтар санының көбею үрдісі байқалады. Себебі ядролық медицина тек диагностикамен ғана емес, сонымен қатар емдеумен де айналысады.

– Президенттің іс басқармасы медициналық орталығы ауруханасы Ядролық медицина орталығы – еліміздегі 5 түрлі радиофармацевтикалық препарат шығаратын жалғыз орталық. Отандық радиофармацевтиканың жетістігі саналатын препараттар қатарында метаболизмі жоғары қатерлі ісіктерді диагностикалау үшін 18F-FDG, қатерлі сүйек түзілімдері және сүйектің екіншілік зақымдануын анықтау үшін 18F-NaF, ми ісіктерін диагностикалау үшін 11-метинион, қуық асты безінің қатерлі ісігі үшін 68Ga-PSMA және нейроэндокриндік ісіктер үшін 68Ga-DOTA препараттары бар. Сондай-ақ желтоқсан айында қалқанша безі мен нейроэндокриндік қатерлі ісіктердің кейбір түрлерін анықтау үшін 18F-DOPA шығаруды жоспарлап отырмыз. Жалпы, Ядролық медицина орталығы 9 түрлі радиофармацевтикалық препаратты 2026 жылға дейін қолданысқа енгізуді жоспарлап отыр, – дейді Ядролық медицина орталығының радиоизотоптық диагностика дәрігері Мақсат Еркінұлы.

Қазір медицина онкопатологияның алдын алу мен емдеу ғана емес, онкологияға қарсы емдік препараттар жасауға да ден қойып отыр. Еліміздің Денсаулық сақтау министрлігі инновациялық дәрілік заттарды әзірлеу және өндіру саласындағы әлемдік көшбасшы Roche компаниясымен Жергіліктіңдіру туралы келісімге қол қойды. Бұл Қазақстанда үш түрлі биотехнологиялық дәрі-дәрмекті жергілікті өндіру және отандық фармацевтика саласына озық технологиялар мен ноу-хаудың берілуін және уақыткерімді шарт негізінде жергілікті серіктес тарапынан патенттелген бірегей дәрілік заттарды жеткізуді қамтамасыз етеді деп күтілуде.



АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНАТЫНДАР КӨП



«Әділдік жолы» РҚБ Түркістан облысы филиалының басшысы Амангелді Қалыбек Түркістан облысы халқының қаржылық сауаттылығын әлі де арттыру керек екенін айтады.

Назгүл НАЗАРБЕК

Себебі туыстық қарым-қатынасты берік ұстанған, алыстағы ағайынның өзін жақынындай көретін бауырмалдығы басым сенгіш халық көп жағдайда қаржылық сауаттың кемдігінен алданып, алаяқтың жиі құрбаны болады екен. «Сондықтан қоғамдық ұйымдар, БАҚ өкілдері болсын жан-жақты насихаттау жұмыстарын жүргізе бергеніміз», — дейді Амангелді Қалыбек.

«Негізінен, Түркістан облысының әлеуметтік жағдайына, мүмкіндіктеріне қараған дұрыс. Ауыл шаруашылығы жақсы дамығандықтан, ауылы аралас, қойы қоралас отыратын туыстық, ағайындық, бірі-біріне деген сенім біте қайнасып кеткен. Бізге көмек сұрап келетіндер көп жағдайда ағайын арасындағы алаяқтық әрекеттен зардап шеккендер болып отыр. Мәселен, ағайын туысы келіп, «Сенің үйіңді банкке кепілге қояйын, сөйтіп мал алып, тірлік бастап, кәсібіңді дөңгелетейін. Маған көмек беріп жібер», — дейді. Әрине, күнде көріп жүрген танысы, қала берді айналып келгенде туысы болып шығатын жанға келі-

сім бермесе тағы болмайды. Ағайынның арасында «ұят болады» деген дүние тағы бар. Соңында ол қаржыны төлей алмай қалатын, кешіктіретін тіпті үйінен айырылып қалатын жағдайлар орын алады. Түркістан облысында дәл осыған ұқсас жағдайлар көп. Бұл — шешілуі өте қиын жағдай. Мұның барлығы да осы қаржылық сауаттың төмендігінен. Біз «Қандай жағдай болмасын банкке кепілдікке өзіннің жылжымайтын мүлкінді қойма. Ағайынныңың арам пиғылы болмауы мүмкін. Бірақ өмірде түрлі жағдай болады. Кәсібі жүрмей қалса, сонша ақшаны құя алмай қалады. Зардабын сіз және отбасыңыз көреді» деп барынша түсіндіреміз», — дейді Амангелді Қалыбек.

Ал дәл осы «Әділдік жолы» РҚБ Шымкент филиалының басшысы Айжан Кесебаева болса, әлеуметтік желіні белсенді жүргізетіндіктен тек Шымкент қаласынан емес, Түркістан облысы аумағынан, басқа өңірлерінен көмекке жүгінетіндер көп екенін айтады.

«Қаржылық, құқықтық сауат мәселесіне келсек, оңтүстік өңір халқының құқықтық сауат деңгейі басқа өңірлермен салыстырғанда төмен деп айтар едім. Мүмкін бұның бір себебі — халықтың тығыздылығымен де түсіндірілетін болар. Интернет алаяқтарға алданатын халық саны күннен-күнге артып жатыр. Өкі-



ніштісі сол, ол — алаяқтардың басым көпшілігін табу мүмкін емес, олар — шетелдік азаматтар. Уақытылы жалақысын ала алмайтын, микроқаржы ұйымдарынан көптеп қарызға белшесінен батқандар өте көп. Сондықтан қазақ тілді зангер әріптестерімді қоғамды бірге құқықтық сауаттандыруға шақырғым келеді», — дейді ол.

Осы тұста Түркістан облысының прокуроры Мұрат Глеубердиевтің аймақтарға шығып, жергілікті активпен тұрғындармен кездесуі кезінде қаржылық сауаттың төмендігінен алаяқтық жайттердің өзекті болып отырғанын жеткізіп жүргенін еске салайық. Облыс прокуроры құқықбұзушылық профилактикасын күшейтіп, интернет-алаықтыққа қарсы кешенді күрес жүргізудің маңыздылығына тоқталады. Өйткені соңғы уақытта интернет арқылы жасалатын алаяқтық құқықбұзушылықтар көбейіп кеткен. Нақты статистикалық деректерге сүйенсек, соңғы 5 жылда елімізде интернет-алаықтық фактісі 10 есеге өскен.

Соның ішінде онлайн сауда мен сайттар арқылы алаяқтың құрбаны болу көрсеткіші айтарлықтай жоғары. Алаяқтар интернет арқылы көбіне инвестиция салу, бәс тігу, ойын және лотореяны жарнамалап, азаматтардың ақшаларын жымқыруды көздейді. Одан бөлек, банк қызметкері болып қоңырау шалып, зейнеткерлердің банк есепшотындағы ақшаларын өздеріне аударып алуды мақсат ететіндер де аз емес. Осындай алаяқтардың құрбаны болмас үшін азаматтарға мынадай қауіпсіздік шараларын сақтау керек. Айталық, паспорттық және өзге де дербес деректеріңізбен ешкіммен бөліспеніз. Банк карталарыңыздың нөмірлерін, пин-кодты, сондай-ақ ұялы телефонға келіп түскен SMS парольдерін, тіпті егер сізге Банк қызметкерлері ретінде таныстырған болса да бермеңіз. Жалпы, мұндай деректерді ұялы телефон арқылы алаяқтар ғана сұрайды.


Сайттардан қандай да бір зат сатып алатын болсаңыз, ақпаратты, әсіресе жақсы басылған ақпаратты мұқият және толық оқып шығыңыз. Сізге онлайн режимінде берілген кез келген ұсынысқа сын көзбен қарауға тырысыңыз. Мәселен, тауарды сатып алу кезінде алдын ала төлем жасау керектігін ескерсе, оған мүлдем

Біз айтып отырған алаяқтық әдістер бүгінде қоғамда кең таралуда. Және алаяқтардың ақша жымқыру тәсілдерінің бұдан да басқа түрлері болуы мүмкін. Көп жағдайда қарапайым адамдар алаяқтардың оңай олжаға кенелуге бағытталған алдамшы әдістеріне сеніп, опық жеп қалады. Мұны да ескерген жөн.

Ішкі істер министрлігі алаяқтық қылмыстарды болдырмау және онымен күресу үшін CyberPol сокқы-нысаналы тобын құрған болатын. Бүгінде еліміздің барлық өңірінде аталмыш топ пилоттық жоба ретінде іске асырылуда. Түркістан облыстық полиция департаменті мамандарының мәлімдеуінше, CyberPol сокқы-нысаналы тобы құрылғалы бері өңірімізде 8 қылмыстық топ пен 58 қылмыскер құрықталып, 97 қылмыстық іс сотқа жолданған. Ал жалпы облыста жыл басынан бүгінге дейін интернет-алаықтық бойынша 311 қылмыстық іс тіркелген. Құқық қорғаушылар оның 47,7 пайызын ашылғанын айтады.

Алаяқтық жолмен оңай олжаға кенелгісі келетіндер қатарында адамдарға белгілі бір мерзім ішінде ақшаларын бірнеше пайызға көбейтіп беретіндіктерін айтса, екіншісі мемлекет тарапынан жұмыссыз жүрген жандарға кәсіп ашып, «екі қолға бір күрек» табу мақсатында берілетін қайтарымсыз грантка қол жеткізуге уәде етеді. Одан бөлек, баспана мәселесін кезекке тұрмай-ақ шешіп беремін деп алдауыраталы. Әлеуметтің жанды жерін дөп басытын алаяқтар елдің қаржылық сауатының төмендігін осылай пайдаланады.

Ал Мемлекет басшысы биылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында халықтың шамадан тыс қарыз алу мәселесіне ерекше көңіл бөлген болатын. Парламенттік тыңдау барысында несие мәселесінің күрделі екенін, азаматтардың тұтыну несиелері бойынша қарыздық жүктемесін шектеу шаралары заңнамалық деңгейде қайта қаралатынын,



келіспеніз. Белгісіз адамдарға ақша аудармаңыз. Жеке куәлігіңіздің, банк картаның және тағы басқа да құжаттарыңыздың суреттерін ешкімге жолдаманыз. Өйткені ондағы нөмірлер алаяқтардың қолына түссе, олар әп-сәтте сіздің атыңыздан несие рәсімдеуге мүмкіндік алады.

сондай-ақ кепілсіз онлайн несиелеу сегментіндегі борыштық тәуекелдерді төмендету мәселелері қарастырылып жатқаны сөз болды. Мұның барлығы да елдің қаржылық сауаттылығына келіп тіреледі...

Түркістан облысы

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ КӨЛЕМІ АРТУДА



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет. Бұл — стратегиялық міндет» деп атап өтіп, саланы дамытудың негізгі бағыттарын айқындап берген болатын.

Осы орайда облыстағы ауыл шаруашылығы саласында атқарылып жатқан жұмыстар бойынша Жамбыл облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Н.Мұқашевтың айтуынша, биыл негізгі бағыттарды жүзеге асыру мақсатында өңірде ауыл шаруашылығында бәсекеге қабілетті өнім өндіру мен агроөнеркәсіп кешені жүйесін тиімді жүргізу бойынша ілкімді істер атқарылған. Облыстың ауыл шаруашылығы саласын дамытуға 81,0 млрд теңге бөлініп, бүгінде 10 мыңнан астам ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қолдау көрсетілген.

Жыл басынан бері салада 498,6 млрд теңгенің өнімі өндірілсе, оның ішінде егін шаруашылығында 317,9 млрд теңгенің, мал шаруашылығында 180,3 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына 35,1 млрд теңге инвестиция тартылса, тамақ өнімдері өндірісінің негізгі капиталына 3,5 млрд теңге инвестиция салынған.

2023 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алқабы 762,5 мың гектарға жетіп, 6,5 мың гектарға артты. Биыл 380,3 мың гектар масақты дәнді дақылдар егін орағына түсіп, әр гектардан алынған орташа өнім 9,6 центнерді құрады және 363,2 мың тонна астық бастырылды. Сондай-ақ 1,1 млн тоннадан астам көкөніс пен 446,3 мың тонна бақша дақыл жиналды. Жоғары өнімге қол жеткізудің негізі — ол ауыл шаруашылығы техникаларының жанаруы. Өңірде жыл басынан бері 1 543 дана техника алынып, 12,2%-ға жаңартылды.

Жалпы, ауыл шаруашылығы техникаларын жаңартуды ынталандыру мақсатында мемлекеттік қолдау да жүзеге асырылып, техника алған агроқұрылымдар тарапынан түскен 550 өтінімге 1,8 млрд теңге субсидия төленді. Қазір техникаларды жаңарту мен мемлекеттік қолдау шаралары жалғасуда. Қант қызылшасынан бүгін 161,8 мың тонна өнім жиналып, 148,2 мың тоннасы қант зауытына өткізілді. Биыл 459 гектар қант қызылшасына тамшылатып суару технологиясы енгізілсе, 1 939 гектарға жаңбырлатып суару технологиясы енгізілді. Жалпы, биыл 57,3 мың гектарға су үнемдеу технологиялары енгізілсе, оның 38,9 мың гектарына тамшылатып, 18,3 мың гектарына жаңбырлатып суару технологиясы енгізілді.

Одан бөлек, облыста мал басында да өсім бар. Қазір өңірдегі жалпы мал саны 4,5 млн басты құрап өткен жылмен салыстырғанда 7,9%-ға артты. Оның ішінде мүйізді ірі қара саны — 5,8%-ға, қой мен ешкі саны — 8,2%-ға және жылқы саны — 9,7%-ға, құс саны 6,2%-ға артты.

Қазір облыста ет бағытындағы 5 асылтұқымды мал өсіретін репродуктор, 4 құс фабрикасы, 27 мал бор-

“
Облыста мал басында да өсім бар. Қазір өңірдегі жалпы мал саны 4,5 млн басты құрап өткен жылмен салыстырғанда 7,9%-ға артты. Оның ішінде мүйізді ірі қара саны — 5,8%-ға, қой мен ешкі саны — 8,2%-ға және жылқы саны — 9,7%-ға, құс саны 6,2%-ға артты.

дақыл алаңдары мен 52 орта және ірі сүт фермалары жұмыс істеуде.

Жалпы, «Ауыл аманаты» жобасы іске асырылған 24 ауылдық округте мал басы 26%-ға, ет өндірісі 39%-ға пайызға, сүт өндірісі 19%-ға артып, соған сәйкес, атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны 1254 адамға қысқарған — бұл туралы облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Нұржан Мұқашев баяндады.

Жалпы, Президент құлағдар болып, үкімет қолдаған жобалар бүгінде республикалық деңгейде масштабталып, барлық облыстарда жүзеге асырылып жатыр. Осының нәтижесінде бүгінде асыраушы сала экономиканың негізгі драйверлерінің біріне айналып, табиғаты шаруашылыққа қолайлы облысымызда ауыл шаруашылығы саласы жыл санап алға озып келеді.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы



ӘР КІТАПТЫҢ ӨЗ ТАҒДЫРЫ БАР



«Әр шығарманың да өз тағдыры болады», – дейді Семей ядролық полигон зардаптары жайлы жазылған белгілі романның авторы Сәуле Досжан. Жазушының айтуынша, соңғы бірнеше жылда алты роман жазып шығыпты, алайда «Қасірет пен тағдыр» романының тағдыры ерекше сәтті болғанын мойндайды. Кітап баспадан шыққан кезде қазақтың белді әдебиетшілері мен сыншылары пікір білдіріп, көлемді рецензиялар бірінен кейін бірі жарыққа шықты. «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясына ілініп, жыл бойы еліміздің барлық кітапханалары кітапты жүйелі насихаттады. Романның ел көлемінде танымал болуына бұл шара да үлкен әсер еткені рас:

Кез келген кітаптың насихатын қолға алған кезде оны тек ел шеңберінде емес, шетелге де таныстырған дұрыс. Бұл кітап ең

«Шығарманың өз тағдыры болады» деп автор неге айтты? Бұл кітап танымалдылыққа ие болғаннан кейін алдынан әртүрлі жолдар ашыла түседі. Бірде ҚазҰУ оқытушысы Гүлмария Оспановадан чикаголық таным профессоры Қазақстанда соңғы шыққан қандай жақсы романдар бар екенін сұрайды. Ол кісі «Қасірет пен тағдырды» ұсынған екен. Сөйтіп, электронды нұсқасы профессордың поштасына жіберіледі. Романды оқып шыққаннан кейін ғалым-аудармашы кітапты ағылшын тіліне аударуға шешім қабылдайды.

Осы оқиғадан бері бір жылдай уақыт өтті. Профессор Диана Немец-Игнашева Қазақстанға келіп, автормен және оның жұмыс тобымен кездесті, бірігіп жұмыс барысын жоспарлады. Ең алдымен «Қасірет пен тағдыр» романы жіті зерттеуден өткізілді. Әртүрлі сұрақтар айналасында сұхбаттар жүргізіліп, сілтемелер тізбегі жасалды. Мақалалар жазылды. Осы зерттеулер нәтижесінде, жақында АҚШ елінде «Қасірет

қасиетті Семей жеріне аяқ басты. Тарихи орындарға бай Семей қаласын музей-қала деп атасақ та артық емес. Абай облысы мәртебесін алғалы қала ішінде қатты өзгеріс болғаны байқалады. Тазалығы мен жинақылығы еріксіз назар аудартады.

«Қасірет пен тағдыр» романы насихатына о бастан қатты көңіл бөлген бір оқу орны болса, бұл – Семейдегі М.Әуезов атындағы педагогикалық колледж. Келген сайын кітап авторын құшақ жая қарсы алып, төрін ұсынады. Студенттері – шетінен өнерлі, рухани азыққа қуман жастар. Сахнаға шығып, романдан үзінді оқыған кезде сай-сүйегінді сырқаратты десем болады. Чикагодан келген профессор қазақ тілін түсінбесе де, өнердің құдіреті болар, көзіне жас алып отырды. Осы мекеменің директоры Шағангүл Жанаява 120 жылдық тарихы бар педагогикалық колледж ішін аралатып, кезінде семинария қабырғасынан білім алған белгілі тұлғалардың өмір тарихымен таныстырып өтті.

Келесі күні Күшікбай-Берілі-Жидебай-Қарауыл жолымен сапарға шықтық. «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» өлеңіндегідей, шығыстың жылдағы қара суығы биыл әлдеқайда жоғалғандай, ауа райы май тонғысыз. Жол сайрап жатыр. Күшікбай асуынан өтіп, Берілідегі Мұхтар Әуезов музейі-үйіне ат басын тіредік. Жотасында Көксерек жортқан бұл тарихи орынның аурасы ерекше. Беріліде Сәуле Мағазбекқызының ерекше толқыныста болғаны сезілді. Өзімен бірге ала келген «Қасірет пен тағдыр», оның жалғасы «Үзілмеген үміт» және соңғы шыққан «Мыңжылдық махаббат» кітаптарын тарту етіп тұрып:

«Осыдан алты жыл бұрын келген кезімде қолымда ештеңе болмап еді. Себебі, бұл өңірмен танысу, зерттеу мақсатында келген болатынмын. Бүгін міне, сол сапардың нәтижесі – кітаптарымыз әкеліп тұрмын. Бұл сапар маған Әуезовтей үлкен жазушының рухы алдында есеп беру сияқты сезіліп тұр», – делі.

Чикагодан келген қонақтар Абай қорық-музейін, тарихи орындарға бай Семей қаласын аралап, үлкен әсермен қайтты.

Анар ҚАБДУЛЛИНА,
әдебиеттанушы



бірінші орыс тіліне, кейін жапон тіліне аударылды. Токио қаласында тұсаукесері өтті. Қазіргі уақытта ағылшын, қытай тілдеріне аударылып жатыр.

Кітапты екінші бір тілге аудару әсте оңай жұмыс емес. Бұған академиялық әдіс-тәсіл керек. Ең алдымен, бұл жұмыс асығыстықты ұнатпайды. Осы орайда аудармашылармен жұмыс істей жүріп, үйренеріміз, көкейге түйеріміз де көп екені рас.

пен тағдыр» романына арналған үлкен ғылыми конференция өткізілмекші. Одан кейін кітап тұсаукесері, баспагерлермен жұмыс күтіп тұр.

Осы конференцияның алдында ғалым-аудармашы Семей өңірімен танысып қайтуға өтініш білдірді. Ол Қазақстанға өзінің редакторы, ұзақ жылдан бергі әріптесі, профессор Анна Дотлибовамен бірге келді. Жуырда жазушы Сәуле Досжан қасына ерткен серіктерімен

«МЕНИҢ ТӘЛІМГЕРІМ»: БІР ӘКЕНІҢ ТӘРБИЕСІ

Баланың бойындағы жақсылық-жаманды қасиеттерін байқаған халқымыз оны ең бірінші әке мен ата тәрбиесімен байланыстырады. «Тегіне тартқан екен», «Әкесі сондай адам еді» деп, міндетті түрде ер адам тәрбиесі туралы айтып отырған. Өйткені әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оның жақсы тәрбиесі.

Бірақ өмір болған соң бәрі бірдей бір орында тұрмайтыны белгілі. Әкесі өмірден ерте озған балаларға қайтпек керек? Жақында атыраулық еріктілер «Менің тәлімгерім» жобасын іске қосты. Жобаның авторы Сандуғаш Көкенованың айтуынша, мақсат – әкесі өмірден өткен балалардың тәрбиесіне әке тәлімі арқылы атсалысу.

«Тарихты қарап отырсақ, бала тәрбиесіндегі әке тәлімінің орны ерекше болған. «Әке көрген оқ жонар» демекші, атбеглік, құсбеглік, қолөнер сияқты ерекше ептілікті қажет ететін дүниелерге кезінде балаларымыз ежелеріміз баулыған. Ұлы 14-15 жасқа келгенде атқа мінігізіп, алыстағы аузы дуалы абыз ақсақалдарға «сәлем беріп келуге» жіберулерінің өзінде үлкен мән жатыр. Әкелер ұлын сынап отыру арқылы, көп тәрбие берген», – дейді Сандуғаш Көкенова.

Айтуынша, жобаға 7-12 жас аралығындағы балаларды іздеп тапқан.

«Жобаның жүзеге асуына жергілікті «Азаматтық орталық» мекемесі атсалысты. «Менің тәлімгерім» жобасына өмірден өз орнын тапқан, 10 азаматтық таңдап алдық. Олар 2,5 ай бойына қамқөңіл балалармен бірге болып, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Әкеден айырылып, жүрегі жараланған балалар осы қысқа мерзім ішінде жана орта, жана дос тапты дейді», – жоба авторы.

«Менің тәлімгерім» жобасына қатысқан әкелердің қатарында оқу орындарының басшылары, мәслихат депутаттары, жеке кәсіпкерлер де бар. Ақын, қоғам белсендісі, жеке кәсіпкер Арман Жайық – осы жобаға қатысқан әкелер бірі. Арман Жайықтың өзі – төрт баланың әкесі. Қазір ол әкесі көз жұмған Жаксыбек есімді 8 жасар балаға тәлімгер болып жүр.

«Ер баланың қоғамда өз орнын тауып, лайықты азамат



болып ер жетуіне әке тәрбиесінің ықпалы ерекше. Мақсатымыз – жалғызбасты ана тәрбиелеп отырған балаға әке жылуын сезіндіру болды», – дейді Арман. Бастапқыда Арманды кішкентай Жаксыбек тосырқай қабылдаған. Әлеуметтік жобаның не екенін түсіне қоймаған бала жана «әкесіне» үйрене қоймапты.

«Суыртпақтап отырып, сөздерін әрен суырып алатынмын. Қазір үйренісіп кеттік. Күнінің қалай өткенін, сабақта не істегенін әңгімелеп береді. Өзімнің төрт балам үшін бұл жаналық болмады. Себебі үйге жетім балалар көп келеді. Мұндай көңілі жарым балаларға әуелден есігім ашық», – дейді Арман.

Жаксыбекті Арман әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, жазушы Мақсат Тәж-Мұраттың «Мәншүк: мұзбен жалын жыры» және «Неизвестная война. Мәншүк» кітаптарының таныстырылымына апарған.

«Кезінде көнекөз қарияларымыз тарихта болған жайларды, бабалар ерлігін жырлап, шежірені тарқата айту арқылы, қазақтың маңдайына біткен кенде, дархан даланың қасиетін сезіндіріп, бабалардың ерлігін бала жүрегіне жеткізе білген еді. Абыз ақсақалдарымыздың деңгейіне жете алмазақ та, рухани демалыстарға көп көңіл бөлуімнің мәні осында еді. Яғни, бала туып-өскен елінің тарихымен сусындай алуы керек. Тіпті, қазірдің өзінде біздің рухани демалысымыз жалғасуда. Біз Жаксыбекпен сенбі, жексенбі күндері кездесіп тұрамыз. Алға қарай осы ба-

ланың ер жетіп, отау құрғанға дейінгі өміріне де араласып, барынша қолдау білдіргім келеді. Ең болмағанда бір арманының орындалуына себепші болсам екен», – дейді Арман.

«Бұқар жырау «Әкелі бала – жажуырек, жиын-тойға баралы, төрден орын алады, бітіреді жұмысын, тастан да өткізер жебесін» дейді. Яғни, бұл жерде жырау әке тәлімін көріп өскен баланың әкесінің арқасында алшаң басып, бар шаруасын бітіріп, алдында кездескен кез келген қамалды бұзуға дайын болатынын айтып тұр. «Әкесіз бала – сужуырек, жиын тойға баралы, босағанда қалады» дейді. Яғни, бұл жерде әкесіз өскен баланың жасқаншақ болатынын мәңзеп тұр. Сондықтан бала тәрбиесінде әкелінің қаншалықты маңызды рөл ойнайтынын білгеніміз жөн» деген Арман қысқа мерзім ішінде Жаксыбекке әбден бауыр басып қалғанын айтты. Төрт емес, енді бес баланың тағдырына жауапкершілік алып отырған Арман әке тәлімін насихаттау бір жоба шеңберінде аяқталмауы керек екенін айтады.

Бірде қарт Құнанбай баласы Абайды шақырып: «Балам, сен әкене жете туғансын ба, өте туғансын ба?» деп сұрайды. Сонда Абай: «Әке, мен өте туғанмын, өйткені мен ақын болдым» деген екен. Аз ғана ойланған дана Құнанбай: «Жоқ, сен маған жете тудың. Өте туу үшін Абай секілді бала тәрбиелі алуын керек» деп жауап қатқан деседі. Міне, осы бір ғана мысал – әке мектебінен өткен баланың сол мұраға қиянат жасамауға тырысатынын паш етіп тұр.

Баян ЖАНУЗАКОВА



«КС-6 «Отар» компрессор станциясындағы басқару жүйесін жаңғыртуды техникалық қадағалау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері және қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру.

«КС-6 «Отар» компрессор станциясындағы басқару жүйесін жаңғыртуды техникалық қадағалау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп танилды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «КС-6 «Отар» компрессор станциясындағы басқару жүйесін жаңғыртуды техникалық қадағалау» қызметтерін қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны - 1, жалпы сомасы 94 809 135,00 тенге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. Мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жыл 11 желтоқсанда, сағ. 10:00-ға дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жыл 11 желтоқсанда, сағ. 11:00 мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-76.

Объявление о результатах открытого тендера, и проведении повторного открытого тендера закупки услуг «Технический надзор за модернизацией системы управления на компрессорной станции КС-6 «Отар».

ТОО «Азиатский Газопровод», признает открытый тендер по закупке услуг «Технический надзор за модернизацией системы управления на компрессорной станции КС-6 «Отар» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Технический надзор за модернизацией системы управления на компрессорной станции КС-6 «Отар». (Количество лотов – 1, на общую сумму 94 809 135,00 тенге без учета НДС).

Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 11 декабря 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:00 часов 11 декабря 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

ТУРИЗМГЕ БЕТ БҰРҒАН «ЕР ТҮРІКТІҢ БЕСІГІ»



Оңтүстік өңір – таңғажайып табиғатымен, тарихи құндылықтарымен қашанда туристер үшін тартымды мекен. Түркістан облысы болып өзгергелі аймақтың жаңа тынысы ашылды. Мәселен, облыс аумағында туристік нысандардың инфрақұрылымын жетілдіру үшін жалпы сомасы 34,7 млрд теңгеге 10 жоба жүзеге асырылуда. Қазір облыстағы туризм саласы 3 бағытта өркендеп келеді. Әсіресе, тарихи-танымдық туризм шетелдік қонақтар арасында танымал. Одан бөлек, экологиялық және емдік-сауықтыру туризмі ерекше қарқын алды.

Облыс әкімі Дархан Сатыбалды Түркістан облысының дамуы туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте туризм саласында өңірде 17 мың адам жұмыс істейтінін атап өтті. Өңір басшысының айтуынша, облысқа келушілер саны жыл сайын артып келеді. Сондай-ақ туризмді дамыту тұжырымдамасы әзірленіп, туристік әлеует зерттелуде.

«Жақында Түркістан мемлекеттері ұйымына мүше елдердің туристік сала басшыларының отырысы өтті. Онда 2024 жылы Түркістанды түркі әлемінің туристік астанасы деп жариялау ұсынысы қолдау тапты. Осы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша, облысқа бір-күндік келушілер саны 868 мыңнан асып

түсті. Салыстыра айтқанда, 2022 жылы бұл көрсеткіш 726 545 адамды құрады», – деді Дархан Сатыбалды.

Алыс-жақын шетелдерден аспан астындағы ашық мұражайларды жиі кездестіреміз. Түркістан облысындағы тарихи және мәдени мұралар да олардан кем түспейді. Мәселен, облыс аумағында 1 770 тарих және мәдениет ескерткіші, оның ішінде 1 халықаралық маңызы бар нысан (Қ.Ясауи кесенесі), 34 республикалық және 403 жергілікті маңызы бар ескерткіш орналасқан.

Сонымен қатар соңғы жылдары эко-туризм әлемдік трендқа айналып келеді. Түркістан облыстық Мәдениет және туризм басқармасының туристік қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу және

қолдау бөлімінің басшысы Дархан Асанхан өңірде бұл бағыт қарқынды дамып келе жатқанын айтады.

– Себебі соңғы кездері тау мен тастың, топырақтың кәдірін білген шетелдік қонақтар оңтүстіктегі табиғи қазыналарды тамашалау мақсатында жиі келеді. Атап айтқанда, облыста 4 ерекше қорғалатын табиғи нысан: «Ақсу-Жабағылы» және «Қаратау» қорықтары, «Сайрам-Өгем» ұлттық табиғи паркі, «Сырдария-Түркістан» өңірлік табиғи паркі бар. Жалпы, табиғи аумақтарда 99 демалыс орны, 62 қонақүй, 12 шипажай жұмыс істейді. Осы орындарды қамтитын «Сайрам-Өгем», «Қаратау», «Ақсу-Жабағылы», «Сырдария-Түркістан» бағытында 30 туристік маршруттар құрылған. Статистикаға сүйенсек, биыл жыл басынан бері 123,1 мың адам осы мақсатта саяхаттап келгенін көреміз, – дейді Дархан Убайдуллаұлы.

Үшінші бағыт – емдік-сауықтыру туризм. Статистикаға сәйкес, облыста 8 мың төсек-орынды қамтитын 72 емдеу-сауықтыру орны жұмыс істейді. Былтыр емдеу-сауықтыру орындарында

– Оның ішінде Түркістан–Арыстанбаб және Түркістан–Қарнак бағытындағы тасжолдарды жөндеу жобалары қамтылған. Жоспарға сай, биыл 2 жоба аяқталып, пайдалануға берілмек. Салыстырар болсақ, 2022 жылы жалпы сомасы 9,1 млрд теңгені құрайтын 10 жоба іске асқан. Оның ішінде «Сайрам-Өгем» ұлттық паркінің Қасқасу шатқалына және Қазығұрт ауданы, Тұрбат елді мекенінде орналасқан Исмаил ата архитектуралық кешеніне алып баратын жолдар жөндеуден өткен. Түркістан облысының туристік қызмет саласын дамыту Қазақстан Республикасының Туристік қызмет туралы 2001 жылғы 13 маусымдағы №211 заңына сәйкес, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасының туристік саланы дамытуға бағытталған 3-тармағы «Жаңа тауашаларды қалыптастыру» және Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары аясында жүзеге асырылады, – дейді бөлім басшысы.

Дархан Асанханның айтуынша, Қазақстан Республикасының Туристік

қызмет туралы заңына сәйкес туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлік субъектілеріне 7 мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған. Атап айтқанда, бұл:

- туристік объектілерді салу және реконструкциялау кезінде кәсіпкерлердің шығындарының 10%-ын дейін өтеу;
- жол бойындағы сервис объектілерін салу кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының 10%-ын өтеу;
- санитарлық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстау шығындарын өтеу;
- тау шаңғысы жабдықтарын сатып алу кезіндегі шығындардың 25%-ын өтеу;
- туристік кластағы көлік құралдарын сатып алу кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының 25%-ын өтеу;
- әрбір шетелдік турист үшін туроператорлардың шығындарын субсидиялау;
- авиакомпанияларға ішкі авиамаршруттар бойынша балалар үшін тасымалдау ақысының 100%-ын өтеу («KidsGoFree» тетігі).

Өңірлік туризмнің дамуы әуе қатынасының қарқынымен тікелей байланысты. Бүгінде Түркістан әуежайынан Ыстанбұл және Эль-Кувейт қалаларына халықаралық бағыт жұмыс істеп тұр. Сонымен бірге Астана, Алматы, Ақтау, Қарағанды, Ақтөбе және Орал қалаларына да тұрақты рейстер бар. Turkish Airlines, Jazeera Airways, FlyArystan, Scat, Qazaq Air және «Южное небо» әуекомпаниялары қызмет көрсетуде.

Алдағы уақытта Түркістан қаласынан халықаралық әуе рейстерін ашу, Өскемен, Павлодар, Атырау, Көкшетау, Ұшарал қалаларына субсидияланатын әуе рейстерін ұйымдастыру жоспарланған. Астана және Астана қалаларына қолданыстағы рейстер саны ұлғайтылды. Сонымен қатар 2024 жылдың қантарынан бастап Түркістан–Абу Даби бағытында халықаралық әуе маршрутын іске қосылмақ.

Түркістандағы бизнес және туризм өкілдерінің қатысуымен ПІФ23 «Түркістан: туризм, инвестициялар, экономика» халықаралық форумында облыс әкімімен кездескен ҚХР Бас консулының Қазақстандағы орынбасары Хуа Чжун Түркістан әсем табиғатымен, өнерімен, терен тарихымен таң қалдырғанын жеткізді. Сондай-ақ форумға келген ірі бизнес, компания өкілдері байланысты одан әрі тереңдетуге және зауыттар мен кәсіпорындарды ашу бойынша серіктестікте қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

КӘСІПКЕРЛІКПЕН КӨРКЕЙЕ ТҮСПЕК



Экономикасы дамыған елдерге ортақ сипаттың бірі – кәсіпкерлік. Түркістан өлкесінде кәсіпкерлік пен шағын өндіріс орындары қарқын алып келеді. Оның бір дәлелі – өлкедегі шағын және орта кәсіпкерлікті жүргізуге бағытталған қолайлы бизнес климат. Қазір еліміздегі кәсіпкерліктің басым бөлігі Астана (229 мың), Алматы (343 мың) қалаларынан кейін Түркістан өңірінде шоғырланған.

Облыс әкімдігінің мәліметтеріне сәйкес, аймақтағы кәсіпкерлер саны жыл басынан 28 мыңға артып, бүгінгі таңда 213 мыңды құрап отыр. Оның ішінде биыл алғашқы 6 айда шағын және орта кәсіпкерлік секторында 289 мың адам жұмыспен қамтылған, былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда бизнес субъектілері 58 мың адамды жаңа жұмыс орындармен қамтамасыз етті. Кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігі сенімді өсім көрсетуде. Шағын және орта бизнеспен өндірілген өнім көлемі 2023 жылдың қаңтар-

мөлшерлемесін төмендету үшін облыстық және республикалық бюджеттерден қажетті 13 млрд теңге қарастырылған.

Ауыл халқының жағдайын жақсарту мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес биылдан бастап «Ауыл аманаты» жобасы 6 бағытта іске асырылуда. Жоба шеңберінде бизнесін бастаймын немесе кеңейтемін дегендерге 2,5%-бен 5 жылға дейін несие беру көзделген. Бұл мақсатқа бюджеттен 19,8 млрд теңге бөлініп, бүгінгі күнге 16,5 млрд теңгеге 3 мыңға жуық жоба қаржыланды.

Қаржылай қолдаулардан бөлек, шағын және орта бизнесті дамыту жолында – индустриалды аймақтар маңызды роль атқарады. Өңірде қажетті инфрақұрылымдармен қамтамасыз етілген 9 индустриалды аймақ жұмыс істейді. Бұл аймақтарда 88,2 млрд теңгені құ-

райтын 74 кәсіпорын өз жұмыстарын жүзеге асыруда. Осы жылдың 10 айында индустриалды аймақтарға 46 млрд теңгеге инвестиция тартылды.

Өндірісті дамыту арқылы табыс көзін ұлғайту және жаңа жұмыс орындарын ашу үшін индустриалды аймақтарды дамытуға басымдылық берудеміз. Осы мақсатта облыс көлемінде қосымша 6 индустриалды аймақтар құрылуда: Шардара, Сайрам және Бәйдібек аудандарында – агро-индустриалды аймақтар, Түркістан қаласында және Келес ауданында – Қытай инвесторларымен бірлескен өндірістік индустриалды аймақтар.

Сонымен қатар стратегиялық және экономикалық тұрғыда маңызды – Өзбекстан Республикасымен бірлесіп Мақтаарал ауданында орналасатын «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы құрылуда. Орталық екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланысты дамытуға мүмкіндік беретін болады. Өңірдегі бизнес-климатты және инвестициялық ахуалды жақсарту жұмыстарын біз одан әрі күшейте беретін боламыз.

Сондай-ақ шағын және орта бизнесті қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін шағын өнеркәсіптік парктердің құрылысы басталды. Атап айтқанда, Сауран ауданында 30 гектар аумақта шағын өнеркәсіптік аймақ жобасы іске асырылуда. Жобаға сәйкес алдағы 3 жылда 42 өндірістік ғимаратты салу көзделген. Қазір 11 өндірістік ғимараттың құрылысы жүргізіліп, кәсіпкерлерге жеңілдетілген талаптармен ұсынылатын болады.

Өздеріңізге белгілі Түркістан облысы қазір инвестиция тартуға қолайлы аймақтардың бірі болып саналады. Аймақтың географиялық шоғырлануын ескеретін болсақ, ауыл шаруашылығы мен туризм бағытында инвестиция тартуға әлеуеті жоғары.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйектегі халыққа Жолдауында әрбір аймақ өзінің әлеуетін ескеріп, инвестиция бағыттау жұмыстарын жеделдетуді тапсырды. Биылғы 10 айдың қорытындысымен өңір экономикасына 751 млрд теңгеге инвестиция тартылып, өткен жылдың сәйкес кезеңіне өсім 141,3%-ды құрады. Өңірде 2023-2026 жылдар аралығында жүзеге асырылатын

жалпы құны 3,3 трлн теңгеге 16 467 жұмыс орнын құратын 194 инвестициялық жобаның пулы бар.

Осы жылдың соңына дейін жалпы құны 103,2 млрд теңгені құрайтын 1959 жаңа жұмыс орны ашылатын 51 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. 10 айдың қорытындысымен 85,0 млрд теңгеге 1 230 жұмыс орнын құрумен 39 инвестициялық жоба іске қосылды.

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беру қажеттілігін айқындады.

Түркістан облысы бойынша соңғы 10 айда өнеркәсіп өнімінің көлемі 34,6 млрд теңгеге артып, 758 млрд теңгені құрады. Салда 350 аса кәсіпорын жұмыс жүргізеді. Өңдеу өнеркәсібі бойынша да кәсіпорындар сенімді өсім көрсетуде. 2023 жылғы қаңтар-қазан айларында 346,4 млрд теңгеге өнім өндіріліп, 2022 жылғы қаңтар-қазанмен салыстырғанда 19,2 млрд теңгеге ұлғайды.

Өңдеу өнеркәсібінде 10 айда өсім көрсеткен салалар:

- Тоқыма бұйымдарын өндіру – 160,2%, кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру – 119,7%, өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіру – 114,1%, машина жасау – 111,2%, жиһаз өндіру – 140,3%.

Түркістан облысында өңдеу өнеркәсібі саласында 2023 жылы жалпы сомасы 30,2 млрд теңгеге 594 жаңа жұмыс орнын ашатын 20 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Бүгінде жалпы 12,5 млрд теңгеге 404 жаңа жұмыс орны бар 11 жоба іске қосылды.

Экономикасы қарқынды дамып, республикалық бюджет донорлары арасында суырылып алға шыққан Түркістан өңірінде сауда, шағын өндіріс орындарының тиімді жұмыс істеуіне жол ашылды. Осы себептен болар, ел арасында облыс «үлкен мүмкіндіктер аймағы» аталып кетті. Шындығында өңірдің экономикалық даму әлеуеті орналасқан аумағымен тікелей байланысты. Алдағы уақытта осы географиялық артықшылығы аймақтағы кәсіпкерліктің дамуына алғышарт болмақ.




Келбетінен айырылған

Сыр өңірінде осыдан төрт жылдан астам уақыт бұрын қабырғасы қаланған аурухана құрылысы аяқсыз қалғалы тұр. Бүгінде жаңа да заманауи емдеу мекемесінің игілігін көреміз деген халықтың үміті көзден бұлбұл ұшқан.

Қазір еміне шипа іздеген халық аудан орталығына сабылып баруға мәжбүр. Ең алғаш кенттен 40 төсектік дербес аурухана салынатынын естіген жамағаттың қуанышында шек болмаған еді. Бастапқыда үлкен қарқынмен жүргізілген емдеу нысанының жұмыстары соңына жетпей тоқтады. Кейіннен белгілі болғандай, құрылысқа бөлінген қыруар қаржы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен.

Жалпы, кентте 20 мыңға жуық халық тұрады. Аудан орталығынан 60 шақырым қашықтықта орналасқан ауылдың бір ауруханаға сұранып тұрғанына біраз болған. Бұрынғы емдеу мекемесінің тозығы жетіп, медициналық талапты өтемеді. Ал екі ортада қатынап ем алу жергілікті жұртшылыққа айтарлықтай қиындық туғызып келді.

Негізі, Сексеуілден сапалы медициналық көмек көрсетуге негізделген аурухана салу ісі 2019 жылы бастау алды. Бірақ іргетасы құйылып, төрт қабырғасы қаланған ғимараттың соны сынықұйымшақтанып кетті. Әлі күнге дейін оның қашан аяқталатыны көпшілікке бей-мәлім күйде қалып тұр.



«Осыдан 4-5 жыл бұрын кентімізде аурухана салу басталды. Сол аурухана құрылысының әлі күнге дейін бітер түрі көрінбейді. Алғаш ауылымызға 40 төсектік емдеу орны салынатынын естігенде қуанған едік. Өйткені бұған дейін ауылымызда перзентхана жоқ, емделетін емханамыз ескі болды. Ауырған жағдайда сонау 60 шақырым жердегі Арал ауданы орталығына барамыз. Бұл бізге қауіпті және ыңғайлы емес. Аудан мен кент арасында жол-көлік апаты салдарынан адам өлімі де жиі кездеседі. Соған орай құрылыс жұмыстарын жеделдете жүргізсе деген талабымыз бар», — дейді Сексеуіл кентінің тұрғыны Айбатыр Жақсыбаев.

Кент халқы жыл сайын аурухана құрылысының жалғасатынына үмітпен қарап, күндерін өткізіп келеді. Ауыл мен аудан әкімдерінің құрғақ уәдесіне әбден тойғанын айтқан халық Президентінен қолдау күтетінін де жеткізіп отыр.

«Ауыл мен аудан әкімдерінің уәдесіне әбден тойдық. Кентте қандай жұмыс басталса да, аяғына дейін жеткен емес. Атап айтсам, кенттегі көгілдір отын

тарту жұмыстары көңілден шықпай тұр. Нақты айтқанда, кентке 2022 жылы газ тарту жұмыстары бастау алуы тиіс болатын. Сол жылы аудан әкімі мердігер компаниямен арнайы келіп, кентті көгілдір отынға қосу жұмыстары басталатынын айтқан. Бірақ бір жарым жыл өтсе де, әлі қозғалыс көрінбейді. Ал аурухана құрылысының созбалаңға салынғанына талай жыл өтті. Ең алғаш құрылыс жұмысын қолға алған мердігер қаржы китүрқылығымен жауапкершілікке тартылып жатқаны сөз болды. Жұмыстар қайта жалғасатыны айтылды. Бірақ нәтиже көрмей отырмыз. Аудан әкімі тарапынан жыл сайын құрылыс материалдарының қымбаттап жатқаны, бұрынғы қаржының жетіспеушілігі жұмысты жалғастыруға қолбайлау болып отырғаны желеу болып келеді. Ал облыс әкіміне осы мәселе жайында айтуға еш мүмкіндігіміз болар емес. Себебі Қызылорда облысының әкімі Сексеуілге келіп, халықпен бірде-бір рет кездескен емес. Сонда халықтың мәселесін кім қарайды? Ендігі кезекте ел Президентінен пәрмен

күтеміз», — деп ағынан жарылды кенттің тағы бір тұрғыны Ғабит Мырзашев.

Бұл емдеу нысанын салуға Қызылорда облыстық Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы тікелей жауапты екені белгілі. Соған орай аталмыш басқармадан аурухана құрылысы жайында сұрап көрдік.

Басқарманың мәлімдеуінше, Арал ауданына қарасты Сексеуіл кентіндегі 40 төсектік аурухана құрылысын салуға тапсырыс беруші мекеме мен «Атамекен» ЖШС арасында 2019 жылы 26 наурыздағы №41 нөмірлі шарт жасасқан. Шарт бойынша жобаның жалпы сомасы 772 млн 800 мың теңгеге бағаланыпты. Ең алғаш Қызылорда облысы мемлекеттік Сәулет-құрылыс бақылау басқармасының рұқсатымен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу 2019 жылғы 6 маусымда бастау алады. Облыстық бюджет есебінен 2019 жылға 50 млн және 2020 жылы 130 мың теңге қаралып, игерілсе керек. Алайда тиісті жұмыстар жалғасын табуына кейбір қаржы китүрқылықтары кері әсерін тигізген.

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуы жүзеге асыру қағидаларының 20-қосымшаның 9,3-тармағына сәйкес, аталған нысан бойынша



төмендегі негіздерге байланысты жұмыс тоқтап қалды. Атап айтқанда, құрылыс жұмыстарының орындалу мерзімі бірнеше рет бұзылған және ол туралы тапсырыс беруші, техникалық, авторлық қадағалаушы тарапынан мердігерге бірнеше рет ескерту берілген. Басқармамен 2021 жылдың 09 маусымында шарт біржақты бұзылды. 2022 жылы құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтауға қалдық қаржысымен мемлекеттік сатып алу порталына конкурс жарияланып, конкурс екі мәрте өтпеді деп танылды. 2023 жылғы 14 наурыз айында жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №57 шарты негізінде бір көзден алу тәсілімен

«Қызылорда облысы Арал ауданы Сексеуіл кентінде 40 төсектік аурухана құрылысын аяқтау» жобасының құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауды қалдық қаржысымен бітіріп беру жөнінде «Интерстрой» ЖШС-мен шарт жасалды. Алайда жоба-сметалық құжаттама 2015 жылы әзірленіп, сараптаманың он қорытындысын алған болатын. Бүгінде құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу үшін нарықтағы құрылыс материалдарының бағасы бірнеше есе қымбаттауына байланысты құрылыс жұмыстарына бөлінген қаржы аурухана құрылысын аяқтауға жеткіліксіз. Сондықтан «Қызылорда облысы Арал ауданы Сексеуіл кентінде орналасқан 40 орындық аурухана» нысаны құрылысының жоба-сметалық құжаттамаларына қайта түзету енгізу жұмыстары жүруде, сараптаманың он қорытындысы алынған соң тиісті қаржысы бюджеттен сұралып, құрылыс жұмыстары қайта жалғасатын болады», — делінген құзырлы басқарманың жазбаша жауабында.

Сақалды құрылысқа айналған аурухананың ахуалы төңірегінде Арал ауданы әкімдігінен де сұрадық. Аудан әкімдігі тарапынан құрылыс нысанының жалғасын таппай отырғаны тағы сол құрылыс материалдарының нарықтағы бағасының өсуімен байланысты екенін жеткізді. Сол

себепті бұған дейін бөлінген қаржы құрылысты аяқтауға жетпей тұрғанын алға тартып отыр. Қазір бұл бағытта тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтып, алдағы жыл еншісінде құрылыс нысаны толық аяқталатынына сендірді.

Ал Сексеуіл халқы құрғақ уәдеден әбден шаршағанын айтады. Төрт жылдан астам уақыт күтуден тағаты таусылған халық ендігі кезекте облыс әкімінен үміт болмаса, Президентке шағымдануға мәжбүр екенін мәлімдеді.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Шымкент қаласында ең үлкен жылыжай салынатыны жөнінде бұған дейін де айтқан едік. Шымкент қаласының әкімдігі тарапынан қала әкімінің орынбасары Айдын Кәрімов жалпы сомасы 662 млн АҚШ долларға шетелдік екі компаниямен меморандумға қол қойған-ды.

Соның бірі — Түркияның Alarko Holding атты ірі компаниясы қала аумағында жаңа форматтағы жылыжай кешенін салу бойынша 650 млн АҚШ доллар қаржы көлемінде инвестициялық жоба ұсынды.

ЖЫЛЫЖАЙДА ҚЫЗАНАҚ ТЕРУ МАУСЫМЫ
Өздеріңізге белгілі, Шымкент — көкөніс, жеміс-жидегімен шетелдерге де танымал қала. Соңғы жылдары, әсіресе жылыжай саласына қызығушылық танытқан кәсіпкерлерді қолдау үшін мемлекеттік бағдарлама аясында субсидия қаралған. Соның нәтижесінде қала аумағында өндірістік жылыжай кешендерінің қатары көбейді. Қазірдің өзінде қалада көкөніс өсіріп отырған 139 гектар жылыжай бар. Өнімділікті арттыру мақсатында биыл минералды тыңайтқыштар, тұқым шаруашылығын дамыту, пестицидтер мен биоагенттерді субсидиялау бағдарламасы аясында кеткен шығынның 50 пайызы мемлекет тарапынан өтеледі. Бұдан бөлек, қаланың Ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының мәлімдеуінше, жылыжайларды жылыту мақсатында қолданылған электр қуаты, көмір мен газ шығындарының 20 пайызын субсидиялауды жоспарлап отыр.

Мемлекеттік қолдауға не болып отырған «Ифтихари» шаруа қожалығындағы жылыжай кешенінде жылына 500 тонна өнім жиналады. Аумағы 2 гектар жылыжайда қазір қызанақ теру маусымы жүріп жатыр. Жұмысшылар қызарған өнімді қораптарға жинап, солтүстік өңірлерге жөнелтпек.

— Жылына екі рет көкөніс көшетін өсіреміз. Ерте көктемде қияр өнімін жетілдірсек, күзгі диканшылыққа қызанақ ыңғайлы. Жылыжай Голландия технологиясымен жабдықталған. Осы маусымда қызанақтың «Торетто» сортын өсірдік. Өр

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН ДАМУЫН КӨРЕЛІМ



түп көшет 5-6 келі қызанақ береді. Өнімді қаладағы базарларға мен солтүстік өңірлерге тасымалдаймыз. Диканшылық үшін жылыжайдың әр гектарына, тұқымға және өсімдікке қажетті минералды тыңайтқыштарға мемлекеттің қолдау субсидиясын алдық, — дейді шаруа қожалық жетекшісі Фарух Ифтихари.

662 млн АҚШ доллары көлеміндегі инвестиция жылыжай салынуға бағытталса, Шымкент жылыжайына тең келер өңір болмай қалады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ШАРАПАТЫН КӨРІП ОТЫР

Жалпы, еңбек еткенге мол мүмкіндік бар. Жылыжай салудан бөлек, ауыл шаруашылығының басқа да түрлеріне мемлекет тарапынан қолдау көп. Шымкентте 3 400-ден аса шаруа қожалығы мен фермер бар. Оның ішінде 785-і мал шаруашылығы, 6-уы балық шаруашылығы, 4-і құс және 60 шаруа омарта (бал ара) шаруашылығымен айналысады. Бұл шаруашылықтардың негізгі мақсаты —

қала халқын жергілікті жерде өндірілетін сапалы азық-түлікпен қамту. Жыл басынан бері шаруалар 8,8 мың тонна ет бордақылап, қала халқына қажетті 18,1 мың тонна еттің 34 пайызын берген. Шымкенттіктердің жыл сайынғы сүтті тұтыну қажеттілігі 101,4 мың тонна болса, оның 51,4 мың тоннасын жергілікті шаруа қожалықтары өндіреді. Ал құс фермаларында өндіріліп жатқан 141 млн жұмыртқа тұрғындарға қажетті азықтың 83 пайызын қамтып отыр.

Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қолдаудың негізі міндеті де осы — қаладағы азық-түлікті өз қаламызда өндіру. Мал шаруашылығына мемлекеттік қолдау көрсету үшін «Асыл-тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау» бағдарламасымен 2023 жылға жергілікті бюджет қаражаты есебінен ірі қара, қой, жылқылардың аналық басына арналған жем-шөп сатып алу шығындарын арзандату үшін 234,1 млн теңге қаржы қаралыпты.

Жалпы, қала аумағында 62 965 ірі қара, 72 336 қой, 5 324 ешкі, 10 580 жылқы, 1 305 шошқа, 930 010 құс бар. Сайрам тұрғын алабындағы «Алтынсай» шаруа қожалығы осы мемлекеттік қолдаудың арқасында шаруасын дөңгелетіп, фермада бүгінде мал басы 1 000-ға жетіп, жылқы мен бөдене шаруашылығын да дамытып отыр.

— Етті бағыттағы ірі қараларды өсіруді 2016 жылы 500 ірі қарадан бастадық. Бұқаларды солтүстік өңірден, ал жылқыларды Ресейден әкелеміз. Өйткені Ресей жылқылары қазақы жылқыға қарағанда ірі өрі етті келеді. Жылқыны 4-6 ай аралығында бағамыз. Тайлар 300 келі, ірі жылқы 500 келіге дейін ет береді. Мемлекеттен аналық жылқы үшін субсидия аламыз. Мұндай қолдау шаруашылықты кеңейтуге біршама көмек болды. Ай сайын 250-300 жылқыны бордақылап, 75 тонна ет аламыз. Ірі қараны бағу мерзімі көп уақытты алады. Сондықтан айына 150-200 басты бордақылаймыз. Жылына 750 тонна жылқы, 650 тонна ірі қараның етін Шымкент қаласынан бөлек, Астана мен Қарағанды қалаларына тасымалдаймыз, — дейді қожалық жетекшісі Сардар Қожахметов.

Бұған қоса, қожалықта еті мен жұмыртқасы адам ағзасына өте пайдалы, түрлі ауруға шипа болатын бөдене құсын да асырауда. Бүгінде 40 мың бөдене өсіріп отыр. Оның жұмыртқасы мен еті қала аумағымен қатар, көршілес облыстар мен Астана қаласына дейін жеткізіледі.

Назгул НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

ЖАҢА ОТАНДЫҚ МУЛЬТФИЛЬМДЕР КЕРУЕНІ



«Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясының көркемдік кеңесі елордада Valarap телеарнасынан 2024 жылы шығатын анимациялық жобалардың ашық талқылауын өткізді. Питчингке отандық 22 компанияның өкілдері қатысты. Олар Valarap арнасының алдын ала ұсынған тақырыптық бағыттары бойынша 32 жобаны таныстырып, саладағы мәселелерді де ортаға салды.

Ашық талқылауда корпорацияның басқарма төрайымы Ләззат Танысбай питчинг жыл сайын өткізіліп келе жатқанын және бұл анимация өндіретін компаниялар үшін әділ бәсекелестікке мүмкіндік екенін атап өтті. Жыл сайын отандық аниматорлар Valarap телеарнасының тапсырысы бойынша 400 серияға жуық анимациялық жоба өндіреді. Арнаның ең басты миссиясы – бүгінгі күнгі өзекті тақырыптарды анимация арқылы жеткізу.

– Valarap арнасы әуелі балаларға шұрайлы ана тілін сіңіру миссиясын ұстанады. Ең алдымен кейіпкерлеріміздің тілінің таза болуына, оқиғалардың ұлттық мазмұнды қамтуына маңыз береміз. Дәл осындай мақсатпен соңғы бірнеше жылда балалар арасында қауіптің алдын алу, отбасылық құндылықтарды, этносаралық достықты насихаттау біз үшін маңызды. Valarap арнасы үшін жасалатын әр жоба кішкентай көрермендердің таным көзжиегін кеңейтіп, санасына жалпы адамзатқа ортақ құндылықтардың дәнін себуге, заманауи және дәстүрлі тәрбиенің үйлесімін таба отырып, баланың толыққанды қалыптасуына ықпал етуді мақсат етеді, – деді «Қазақстан» телерадиокорпорациясының басқарма төрайымы Ләззат Танысбай.

Бұл жолғы жоба ұсынушы компанияларға қойылған басты талап та осы болды. Қазіргі ең өзекті тақырыптардың бірі – бала қауіпсіздігі мәселесі. Idea сипета компаниясы балаларға қауіпсіздік ережелерін көрсетуге бағытталған, түрлі қауіп-қатер, табиғи, техногендік апат жағдайында әрекет ету жолдарын көрсететін «111» жобасын ұсынды. Бұл – теларна тарапынан талап етілген тақырыптық бағыттардың бірі. Яғни, біздің балалар кез келген жағдайда «111» телефон нөміріне қоңырау шалып, қауіптің алдын алуға болатынын білуі қажет. Бұған қоса, қауіпті болдырмау да маңызды. Бұл ретте QAZART media компаниясының «Есінде болсын, балақай!» анимациялық жобасының маңызы зор. Мұнда қауіпсіздіктің қарапайым қағидалары көрсетіледі. Келер жылы эфирге шығатын басты жобалардың бірі – Kip сопрау аниматорларының «Болған оқиға» жобасы. Мультхикая балалардың тарихи танымын арттыруды көздейді. Сондай-ақ балалар арасында саламатты өмір салтын насихаттау мақсатында спорттық-мотивациялық мультфильмдер, ұлттық дәстүрлі тәрбиені насихаттауды мақсат тұтатын этнотанымдық жобалар да жарық көреді.

Питчинг қорытындысы бойынша, Valarap көрермендерінің сұранысына ие болған «Тоқты мен Серке» жобасының бесінші маусымын, түркі мифологиясы кейіпкерлерін заманауи интерпретациялайтын фэнтези жанрындағы «Ақжелкен» жобасы мен шытырман оқиғалы «Желаяқ» мультсериялының екінші маусымдарын, өзге ғаламшарлықтар туралы «Тұлым» анимациялық сериалының үшінші маусымын жалғастыру бойынша шешім қабылданды. «Қазақстан» телерадиокорпорациясы екі жылдан бері өткізіп келе жатқан «Балдәурен» балалар әндері байқауында үздік шыққан әндер де анимациялық жобалар арқылы кең насихатталатын болады.

Valarap телеарнасына жүктелетін жауапкершіліктің ауқымы өте кең. Ұлттық идеологияның,



дәстүрлі тәрбиенің қайнар көзі, балаға қазақ тілін үйретудің теңдессіз құралы ретінде әр ата-ана баласының интеллектуалды, рухани, менталды дамуын біздің арнаға сеніп тапсырады. Бұл – біз үшін маңызды зор міндет», – дейді арна жетекшісі Индира Тұрсынбай.

Талқыланған жобалардың үздіктері келер жылы балалар арнасының эфирінен көрсетіледі. Бұл дегеніміз – бүлдіршіндер үшін тағы 400 жаңа бөлімнен тұратын анимациялық жоба ұсынылады деген сөз. Valarap бүгінде қазақстандық балалардың сүйікті арнасына айналған. Бұған рейтингтік көрсеткіштер де дәлел. TNS Central Asia компаниясының зерттеу қорытындысы бойынша қазір балалар арнасы еліміздегі ірі 25 арнаның ішінде 7-ші орында тұр.

Бұған қоса, салада жұмысын енді бастаған жастарға да мүмкіндік берілмек, питчингке қатысқандар арасынан ең үздік идея ұсынған жас мамандар да таңдалды. Теларна, осылайша балалар өнімін жасайтын компаниялар санынан арттыруға мүдделі. Ашық талқылауға қатысқан мамандар отандық анимация нарығындағы жалпы ахуал жайлы пікірлерін ортаға салды.

Батырхан ДӘУРЕНБЕКОВ,
САҚ ЖШС:

– Valarap арнасы ұйымдастырған питчингте тек жоба ұсынып қана қоймай, анимациялық өнімдерді бағалауға, сапасын арттыруға қатысты ұсыныстар айтылды. Анимация жасауды жанадан бастағандар мен тәжірибелі компаниялардың бірдей тарифпен жұмыс істеуі дұрыс емес. Сол себепті тарифті әртарапандыру қажет. Кепілхат туралы бастамаға қуандық. Қолымызда жобаға міндетті түрде келісімшарт жасалады деген кепілхат болса, еш алаңсыз сценарий жазу, кейіпкерлер моделін салу жұмыстарына кірісіп кетеміз. Анимация жасауға қомақты қаражатпен қоса, уақыт қажет.



Дильшат РАХМАТУЛЛИН,
Dala animation group ЖШС:

– Бізде шетелдік өнімдерден кем түспейтін мультхикаялар өндіре алатын компаниялар қатары

жылдан-жылға артып келеді. Мәселен, үш жыл бұрынғы 3D графика мен қазіргі техникалық мүмкіндіктер арасында, туынды сапасында айтарлықтай айырмашылық бар. Ал көркемдік кеңес тарапынан жаңа компанияларға қатысты айтылған талаптармен толық келісемін. Бұл салаға енді кадам басқан компаниялардың қызметкерлері анимация, режиссура бойынша кәсіби біліктілігін арттыруы қажет. Маманның кәсіби деңгейі көтерілген кезде қаржылық мәселелер де шешіледі.

Дамир ҚҰТБАЕВ,
ASD production ЖШС:



– Қазақстанда анимацияның қарқынды дамуына кедергінің бірі – қаржының аз бөлінуі. Десе де, биылғы жылдан

бастап анимациялық өндіріске тарифтің көтерілуі оң әсер етпейтін сөзсіз. Бәсекеге қабілетті сапалы өнім дайындау үшін маңызды дүниенің бірі – осы. Қаржының жетіспеушілігі шығармашылық жұмыстарды шектейді. Бұл салада нағыз кәсіби мамандармен жұмыс істеу де арзан тұрмайды. Осы жерде тағы бір мәселенің ұшы шығып тұр. Ол – анимация саласын жетік менгерген мамандардың тапшылығы. Жас дарынды суретшілер мен аниматорларды дайындау үшін арнайы білім беру бағдарламалары мен ресурстар да жеткіліксіз. Сондай-ақ студия жабықтарының және техникалық құралдардың болмауы – жоғары сапалы жобаларды жасаудағы қиындықтардың бірі. Сол үшін де Қазақстандағы анимациялық студиялардың әлемдік нарыққа шығуы, әлемдік нарықтағы бәсекелестікке төтеп беруі оңайға соқпайды.

ҚАСИЕТ САҚИОЛЛА,
QAZART media ЖШС:

– Қазақ анимациясында жобалардың көбеюі мен бәсекелестіктің артуы мамандарға деген сұранысты көбейтіп отыр. Елімізде аниматорларды дайындайтын екі үлкен оқу орны бар, ал ол жерден білім алып шыққан мамандар сұранысты қанағаттандырмайды. Оның себебі, біріншіден, мамандар саны аз болса, екіншіден, олар анимацияда маңызды рөл атқарып тұрған 3D техниканы меңгермеген. Оған қоса, анимациялық жобаларға тапсырыс берушілердің жобаны жасауға бөлетін жалпы уақыты өте шектеулі, бұл өнімнің сапасына тікелей әсер етеді.

Саланың дамуы үшін жасалып жатқан қадамдар да жоқ емес. Valarap арнасы биыл туелсіз аниматор мамандарды кеңесші ретінде жұмысқа тартып отыр. Бұл арнадағы анимациялық жобалардың деңгейін едәуір жоғарылатты. Олдан бөлек, өнімге қойылатын талаптар да күшейді. Соған сай, біздің туындыларымыздың сапасы мен мамандарымыздың біліктілігі де жылдан-жылға арта түспек.

Н.ҚОСАЙ


АУСТРАЛИЯДА БАҚ СЫНАЙДЫ

Алдағы жылы болатын Аустралия ашық чемпионатына еліміздің атынан Әмір Омарханов пен Асылжан Арыстанбекова қатысады. Жасөспірімдер арасындағы «Үлкен дулыға» турнирі 20-27 қаңтар аралығында өтеді.

Қазақстан теннис федерациясы хабарлағандай, сонымен қатар Даниал Рахматуллаев, Виталий Зацепин, Илияс Маратұлы және Аяя Нұпбай іріктеу сайыстарында бақ сынады.

Қарағанды теннис мектебінің түлегі Әмір Омарханов 16 жаста. Ол жасөспірімдердің әлемдік рейтингінде 55-орында тұр. Әмір ITF Juniors санатында өткен жарыстарда жекеley және жұптық сында бес реттен жеңімпаз атанған.

Ал Алматы теннис мектебінің түлегі, 17 жастағы Асылжан Арыстанбекова рейтингте 68-сатыда келеді. ITF Juniors додаларындағы жекеley сында



бір рет чемпион болған Асылжан жұптық сында 13 титулға қол жеткізген болатын.

ДӘНЕШТИҢ ЕСІМІ – ФИЛАРМОНИЯДА



Жетісу облыстық филармониясына Қазақстанның Халық әртісі Дәнеш Рақышевтың есімі берілді. Сондай-ақ әншінің Талдықорғанда тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды.

Жезтаңдай әнші Дәнеш Рақышев қазақ музыкасының қоржынына 150-ден астам Әсетің әндерін, халық әндерін, басқа да халық композиторлары мен кырғыз әндерін қалдырды. Оның орындауындағы ән-жырлар ұлт қазынасына қосылған асыл

мұра ретінде қабылданды. Әнші 1986 жылы «Қазақ ССР-нің Халық әртісі» жоғарғы атағына ие болған. Дәнеш Рақышев 90-жылдары Талдықорғандағы қазақ мектеп-интернатында және Жетісу мемлекеттік университеті Музыка факультетінде өз класын ашып, талапты балалар мен жастарды әншілікке баулыды.

Облыстық филармонияға Дәнеш Рақышевтің есімінің берілуіне орай «Жетісу дүлдүлі» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды.

17 ЖАҢА ТРОЛЛЕЙБУС ҚОСЫЛДЫ



Алматы қаласына 55 троллейбус жеткізілді, оның 19-ы №1, №9, №12, №5, №11, №25, №7, №19, №6 бағыттарға берілді. Қала әкімдігінің хабарлауынша, көрсетілген бағыттар бойынша тағы 17 жаңа троллейбус қосылған.

Техникалық дайындықтан өткен жаңа троллейбустар жолаушылар тасымалына қосылады, соның нәтижесінде барлық 9

троллейбус бағыты бойынша 60% жаңа троллейбус жолға шығады.

Бұрын хабарланғандай, Алматының №1 троллейбус паркі Yutong ZK6128BEVG 12 метрлік төмен еденді троллейбустардың бірінші партиясын алды. Жыл-жымалы құрам соңғы 11 жылда алғаш рет жанартылып жатыр. Жана «Ютонгтар» жолаушылардың жайлы әрі қауіпсіз қозғалысы үшін барлық қажетті құрылғымен жабдықталған, электр қуаты өшіп қалса да батареямен жүре алады.

NUR MEDIA
МЕДИА ХОЛДИНГІ

AIQYN
апта

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНҰЗАК –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорандар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БОЛМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗУЛА ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛМІ:
8(7171) 804-61-32
podpiska.all@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3483
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
Тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әзімқұлов көшесі 22,
Тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,